<table>
<tr><td colspan="1">ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</td><td colspan="2">«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ</td></tr>
<tr><td colspan="3">Құжаттың атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандарт</td></tr>
<tr><td>Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты</td><td>№: KMG-ST-3524.1-13</td><td>17-беттің 1-беті</td></tr>
<tr><td>Әзірлеген:<br>________ Әжіғалиев Б.К.<br>2019 жылғы «20» қазанда</td><td>Тексерген: Спинелли В.А.<br>________<br>2019 жылғы «27» желтоқсанда</td><td>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы «20» ақпанда шешімімен бекітілген №2/2020 хаттама</td></tr>
</table>

## 1. МАҚСАТТАР МЕН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандартының (бұдан әрі – Стандарт) мақсаттары:

1) ҚМГ компаниялары тобының Объектілерінде тауарларды/жұмыстарды және қызметтерді орындайтын/қызмет көрсететін/жеткізетін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік/Қосалқы мердігерлік ұйымдарды ұйымдастыру, тиімді басқару және бақылау үшін бірыңғай талаптарды белгілеу;

2) ҚМГ компаниялары тобының Өндірістік объектілерінде Мердігерлік/Қосалқы ұйымдардың ТЖҚ орындаудың/қызмет көрсетудің/жеткізудің балық кезеңдерінде Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды анықтау, бағалау және азайту болып табылады.

1.2. Осы Стандарт ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарға, Қордың талаптарына, саясаттар мен СМ, халықаралық стандарттар мен IOGP ұсынымдарына сәйкес әзірленді және ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаты болып табылады.

### Негізгі қағидатар

ҚМГ компаниялары тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі қағидаттар:

1) жұмыстарды қауіпсіз орындау/қызмет көрсету тұжырымдамасын дамыту және жылжыту және нөлдік жарақаттануға ұмтылу;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдар қызметінің Заңнамалық талаптарға және ҚМГ компаниялар тобының талаптарына сәйкестігі;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдар қызметінің тиімділігін таңдауға, өзара іс-қимыл жасауға және талдауға көзқарасты жүйелеу;

4) ҚМГ компаниялар тобы мен Мердігерлік ұйымдар активтерінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды тиімді басқару;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ барлық аспектілерін бақылау және мониторингін қамтамасыз ету және әлеуметтік жауапкершілік;

6) Мердігерлік ұйымдар арасында Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару тәсілдері мен әдістерін тарату;

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдарды ынталандыру тетіктерін енгізу;

8) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компанияларының тобы мен Мердігерлік ұйымдардың көрсеткіштерін арттыру болып табылады.

## 2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1. Осы Стандарттың талаптары Қызметкерлердің және Мердігерлердің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті және барлық Мердігерлерге қатысты ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына, Объектілердегі барлық ілеспе жұмыстар мен қызметтерді қоса алғанда, ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету кезінде қолданылады.

2.2. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының осы Стандартты қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас Стандартты әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын Стандартқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Стандартта қамтылған талаптар ұқсас Стандарттармен және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ішкі құжаттарымен салыстырғанда төмендетілмеуі тиіс.

2.3. Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің осы Стандарттың талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігі тиісті мердігерлік шартымен реттеледі. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың/дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының жетекшілері, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары осы Стандарттың талаптарын басшылыққа ала отырып, ТЖҚ орындауға/көрсетуге/жеткізуге шарт жасасу кезінде Мердігерлік ұйым үшін осы міндеттемелерді айқындау үшін жауапты болады.

## 3. АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта келесі айқындамалар мен қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| **Қор** | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| **ҚМГ** | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы |
| **ҚМГ компанияларының тобы** | ҚМГ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалар, |

| | |
|---|---|
| | сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар |
| **Қор Стандарты** | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен (№31/19 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандарты |
| **Шарттың әкімшісі** | ТЖҚ сатып алуды әкімшіліктендіру және Мердігерлік ұйыммен шарт жасасу үшін жауапты ҚМГ құрылымдық бөлімшесі/ЕТҰ |
| **Сауалнама** | Әлеуетті мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлерге сәйкес келуін айқындауға бағытталған сұрақтар тізбесі |
| **Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы (ЕҚОҚ)** | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі мен бизнес-процесс иесі |
| **Зиянды өндірістік фактор** | ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі бизнес-процестің иесі |
| **Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарт** | Белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бағытталған ҚМГ/ҚМГ компаниялары тобының ұйымы мен өнім беруші (Мердігер) арасында жасалған азаматық-құқықтық шарт |
| **Қоршаған ортаның ластануы** | Ластағыш заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға түсуі, сондай-ақ шудың, дірілдің, магнит өрісі мен өзге де зиянды физикалық әсердің қоршаған ортаға тигізетін әсері |
| **Заңнамалық талаптар** | Нормативтік құқықтық және рұқсат ету құжаттарында, оның ішінде халықаралық конвенциялар мен шарттарда, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерде қамтылған талаптар |
| **Біліктілік органы** | Қордың Басқармасы белгілеген Қордың Стандартына сәйкес әлеуетті Мердігерді алдын ала саралауды жүзеге асыратын заңды тұлға |
| **Шарт тәлімгері** | Осы Стандарттың шеңберінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ |

| | |
|---|---|
| | мәселелері бойынша Мердігерлік ұйыммен жұмысты және өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру үшін жауапты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің тағайындалған қызметкері |
| **Желілік басшылар** | Жұмыстардың өндірісіне тікелей басшылық етуді жүзеге асыратын ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының басшылары мен мамандары |
| **Мобилизация алдындағы аудит** | Жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету алдында Мердігердің жабдығының, техникасының, мүлкі мен Қызметкерлерінің дайындығына аудит жүргізу. Осы аудит әлеуетті Тәуекелдерді анықтауға және болдырмауға бағытталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері тұрғысынан маңызды болып табылады |
| **Объект** | ҚМГ компаниялары тобының өндірістік қызметінде және аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық – мұнай өңдеу қондырғылары, бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау жабдығы, газ-мұнай айдау станциялары мен құбырлары, резервуарлық парктер, инженерлік құрылыстар мен полигондар, басқа да техникалық құрылғылар, көлік құралдары мен арнайы техника |
| **Қауіпті өндірістік фактор** | Қызметкерге тиетін әсері еңбек қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуға (өндірістік жарақаттылыққа немесе кәсіби ауруға) немесе өлімге әкеп соға алатын өндірістік фактор |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ** | Еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығы мен еңбек гигиенасын қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділер мен қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (су, жануарлар әлемі және өсімдіктер дүниесі, энергия тиімділігі) сияқты бағыттарды қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты |
| **Тәуекелді бағалау** | ҚМГ үшін басталу ықтималдығы мен әлеуетті залалды бағалау көмегімен сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалық көрсеткішін айқындау |
| **Мердігерлік ұйым (Мердігер)/Өнім беруші** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымымен жасалған мердігерлік шарты бойынша жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін/өнім жеткізетін |

| | |
|---|---|
| | жеке немесе заңды тұлға |
| **Әлеуетті Мердігер/Өнім беруші** | Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгелері белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді есептемегенде), ТЖҚ сатып алу туралы шарт жасасуға ниетті заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары** | Заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарына сәйкес Мердігердің/Қосалқы мердігердің жұмыстарды орындауын/қызметтерді көрсетуін ұйымдастыруға және бақылауға, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспары |
| **Алдын ала біліктілік іріктеу (алдын ала саралау)** | Сауалнама мен аудит арқылы жүзеге асырылатын Қордың Стандартымен белгіленген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік талаптарға сәйкес келу мәніне әлеуетті Мердігерлерді бағалау процесі |
| **Оқиға** | ҚМГ компаниялары тобы ұйымының өндірістік қызметінің нәтижесінде немесе процесінде болған, ҚМГ компаниялары тобының бизнесі мен беделіне әсер тигізетін еңбек қызметімен, өртке, жарылысқа, апатқа, жол-көлік оқиғасына немесе кез келген өзге де оқиғасына байланысты жазатайым жағдайға әкеп соққан немесе әкеп соға алатын кез келген жоспарланбаған оқиға |
| **Қызметкер** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымымен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты орындайтын жеке тұлға |
| **Мердігерлік ұйымның (Мердігердің) қызметкері (қызметкерлері)** | ҚМГ компанияларының тобы үшін мердігерлік шарты бойынша жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін/өнім жеткізетін Мердігерлік (Қосалқы мердігерлік) ұйымның кез келген қызметкері (қызметкерлері) |
| **Жұмыс орны** | Қызметкер еңбек қызметінің процесінде еңбек міндеттерін орындаған кезде оның тұрақты немесе уақытша орналасқан орны |
| **Әлеуетті білікті өнім берушілердің тізілімі** | Қордың Стандартына сәйкес Біліктілік органы қалыптастыратын әлеуетті білікті жұмыстарды орындаушылардың/қызметтерді көрсетушілердің/өнім жеткізушілердің тізбесі |
| **Тәуекел** | Сапа менеджменті жүйесінің шеңберінде – лайықты сапаны қамтамасыз ету қабілеттігіне, тәуекелдерді басқару жүйесі саласындағы – стратегиялық |

| | |
|---|---|
| | мақсаттарға табысты қол жеткізу қабілеттігіне, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің шеңберінде – ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығына теріс әсер тигізетін қолайсыз оқиғаның басталу ықтималдығы |
| **ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлері)** | Басқарма төрағасы мен мүшелері |
| **Бизнес-бағытының/ Дивизионның басшысы** | «Көмірсутек шикізатын барлау», «Көмірсутек шикізатын өндіру, Операциялық емесе активтер, Өндіруші активтердің сервистік инфрақұрылымы», «Газ тасымалдау және маркетингі», «Мұнай тасымалдау. Мұнай өңдеу және маркетинг бойынша халықаралық жобалар», «Мұнай өңдеу және мұнай-химия, Мұнай маркетингі және өткізу» дивизиондарын басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары |
| **Қызмет бағытының басшысы** | «Экономика және қаржы», «Стратегиясы», «Адами ресурстарды басқару», «Корпоративтік қауіпсіздік», «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау», «Құқықтық қамтамасыз ету», «Тәуекелдерді басқару», «Трансформация» секілді қызметтің тиісті бағытын басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры/ басқарушы директорлар/ құрылымдық бағыттың басшысы |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі** | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің бағыты үшін жауапты ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін маман |
| **МЖ** | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларын тобындағы денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі |
| **Қосалқы мердігерлік ұйым (Қосалқы мердігер)** | Мердігердің ҚМГ/ЕТҰ алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында, Мердігермен жасалған шарт бойынша белгілі бір жұмысты орындайтын жеке немесе заңды тұлға |

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. **ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың/Дивизиондардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары** өз өкілеттіктері шеңберінде:

1) Заңнамалық талаптарға сәйкес Объектілерде ТЖҚ жеткізуге/орындауға/көрсетуге байланысты Тәуекелдерден/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторлардан Қызметкерлер мен Мердігер қызметкерлерінің қауіпсіздігі;

2) Шарт Тәлімгерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттерге сәйкес келуі;

3) осы Стандарттың талаптарына сәйкес Мердігерлік ұйыммен жасалатын шартты таңдау және мақұлдау;

4) Мердігерлік ұйыммен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жоспарын бекіту үшін жауап береді.

4.2. **Желілік басшылар**:

1) олардың басқаруындағы немесе бақылауындағы Объектілерде Мердігерлік ұйымдардың осы Стандарттың талаптарын сақтауын бақылау және оған мониторинг жүргізу;

2) Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарының талаптарын келісу және орындау;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігердің қызметіне бағалау жүргізу;

4) өз бөлімшелерінің Қызметкерлері мен Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін осы Стандарттың талаптарымен таныстыру, жұмыстарды жүргізу/қызмет көрсету кезінде енгізу, орындау және олардың сақталуын бақылау үшін жауап береді.

4.3. **ЕҚОҚ блогы**:

1) ҚМГ компанияларының тобында осы Стандарт талаптарының сақталуын бақылау және оған мониторинг жүргізу;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау процесін ұйымдастыруда әдістемелік жәрдемдесу;

3) Мердігерлік ұйымдардың деректер базасын қалыптастыру мен жаңарту және қызмет қорытындылары бойынша Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы Қорға хабарлау;

4) осы Стандартты жаңарту және жетілдіру үшін жауап береді.

4.4. **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі**:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни ТЖҚ бойынша шарт Тәлімгерін тағайындау;

2) Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды бағалауда қолдау және Шарт Тәуекелінің дәрежесін айқындау;

3) Мердігерлік ұйымның шарт бойынша ТЖҚ көлемінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ Тәуекелдерін басқару қабілеттіктері мен мүмкіндіктерін бағалау;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлер қызметінің тиімділігін арттыру үшін оларды ақпараттандыру және хабардар болуы бойынша іс-шараларды (кеңестер мен форумдар) ұйымдастыру және өткізу;

5) осы Стандарттың талаптарының сақталуын бақылау және мониторингі үшін жауап береді.

4.5. **Шарт тәлімгері**:

1) Мердігермен жасалатын шартқа Мердігердің қызметіне қолданылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық талаптарды қосу;

2) Мердігермен шарты жасасу кезеңінде Мердігер берген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ іс-шараларының жоспарын келісу;

3) Мердігерді өндірістік қызметті қауіпсіз жүргізуге ынталандыру бойынша ұсыныстарды дайындау және оларды шартқа қосу (егер қолданылса);

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігер қызметінің тиімділігі туралы ақпаратты жинау, талдау және ұсыну, оның ішінде Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тексеру (аудиттер) қорытындылары бойынша түзету іс-шараларын орындауы;

5) ҚМГ компаниялары тобының ұйымы мен Мердігер арасындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өзара іс-қимылын үйлестіру;

6) Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметін бағалау үшін жауап береді.

**4.6. ҚМГ компаниялары тобының қызметкері**:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарды және жұмыстарды дайындау және жүргізу/қызмет көрсету барысында осы Стандарттың талаптарын сақтау;

2) Мердігерлердің ТЖҚ жеткізу/орындау/қызмет көрсету кезіндегі Тәуекелдер/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторлар туралы уақытылы хабарлау үшін жауап береді.

## 5. СИПАТТАМА

### 5.1. Мердігерлермен өзара іс-қимыл жасау бойынша жалпы тәсіл

5.1.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың тиімділігі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды болдырмау және оларға жол бермеу мақсатында осы Стандартта көзделген барлық іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауға байланысты.

5.1.2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша жалпы модель осы Стандартқа (KMG-F-3535.1-13/ST-3524.1-13) көрсетілген.

5.1.3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау моделінің тиімділігі, бірін қалдырмай, барлық іс-шаралар мен компоненттердің кезең-кезеңмен орындалуына байланысты болады. Кез келген процесс компоненті ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдердің іске асуына әкеп соғуы мүмкін.

**5.2. Мердігермен жұмысты жоспарлау**

5.2.1. ҚМГ компаниялары тобы ұйымының бірінші басшысы жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету/өнім жеткізу үшін Мердігерлік ұйымды тарту қажеттілігі туралы шешім қабылдағаннан кейін, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің басшысы өз қызметі қызметкерлерінің біреуін ТЖҚ сатып алу шартының Тәлімгері етіп тағайындайды.

5.2.2. Шарт Тәлімгері жоспарлау кезеңінде:

1) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік қызметі шеңберінде ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету үшін қажетті ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері тұрғысынан сыни ТЖҚ көлемін айқындайды;

2) ТЖҚ жеткізу/орындау/көрсету шарттарын:

а) жұмыстар мен қызметтер үшін – жыл мезгілдерін, климаттық жағдайды, учаскенің қол жетімділігін, жергілікті жерді және басқаларын;

б) тауар үшін – қауіпсіздікті, сапаны, кепілдікті, тасымалдау шарттары мен басқаларын бағалайды;

3) ТЖҚ-ны жеткізуге/орындауға/көрсетуге тартылатын жабдыққа, көлікке, техникаға, мүлікке және Әлеуетті Мердігерлердің Қызметкерлеріне қойылатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды қалыптастырады.

**5.3. Мердігерді алдын ала саралау**

5.3.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни ТЖҚ жөніндегі Әлеуетті Мердігерлерді алдын ала саралау Қор Стандартымен реттеледі. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни ТЖҚ үлгі тізбесі осы Стандартқа (KMG-F-3534.1-13/ST-3524.1-13) көрсетілген.

5.3.2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ критерийлері бойынша Мердігерді алдын ала саралау

сауалнаманы және техникалық (верификациялық) аудитті (техника мен жабдықтың болуы, сапасы және жай-күйі; қызметкерлердің біліктілігі, құжаттаманың сәйкестігі және т.б.) қамтиды. Әлеуетті мердігерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлерін бағалау жөніндегі үлгілік мәселелер тізбесі (KMG-F-3525.1-13/ ST-3524.1-13) осы Стандартқа көрсетілген;

5.3.3. Қордың білікті әлеуетті өнім берушілерінің тізіліміне кіретін Әлеуетті Мердігерлер білікті Мердігерлер арасындағы тендерге қатысуға рұқсат алады.

5.3.4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни емес ТЖҚ-ны сатып алу Қор Стандартының ережелеріне сәйкес жалпы негізде жүргізіледі. Бұл ретте Мердігерлермен жасалған шарттарға осы Стандарттың 5.4, 5.5, 5.6. және 5.7-бөлімдерінің талаптары қолданылады.

**5.4. Тендер, Мердігерді таңдау және онымен шарт жасасу**

5.4.1. Тендер өткізу рәсімі және Қордың білікті Мердігерлері арасынан Мердігерді таңдау Қордың Стандартымен реттеледі.

5.4.2. Шарт Тәлімгері тендерлік құжаттаманы қалыптастыру шеңберінде осы Стандартқа (KMG-F-3527.1-13/ ST-3524.1-13)көрсетілген Шарттың техникалық ерекшелігінің бөлімі үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы шаралар бойынша талаптар шарттарының Әкімшіге ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5.4.3. Қажет болған жағдайда Шарттың тәлімгері жалпы негіздерде ТЖҚ сатып алуды жүргізу кезінде білікті Мердігерлердің сұраулары немесе әлеуетті Мердігерлердің сұраулары бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын қажетті түсіндіруді қамтамасыз етеді.

5.4.4. Мердігермен жасалған шартта ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша дербес бөлім және осы Стандартқа (KMG-F-3528.1-13/ ST-3524.1-13) көрсетілген Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелерін, сондай-ақ оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа (KMG-F-3529.1-13/ ST-3524.1-13) көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім шартына қосымша бар.

5.4.5. Шартта Қосалқы мердігерлерді тарту шарттары болуы тиіс, бұл ретте Мердігер Қосалқы мердігерді тарту процесінің осы Стандарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.6. Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша барлық ішкі талаптарының лайықты түрде орындалуын қамтамасыз ету үшін, Мердігер Шартты жасасқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей осы Стандартқа (KMG-F-3530.1-13/ ST-3524.1-13) көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуі тиіс.

5.4.7. Мердігер жасалған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты ЕҚ,

ӨҚ және ҚОҚ мәселелері, сондай-ақ Мердігер және (немесе) Мердігердің Қызметкері жұмыстар орындалатын/қызметтер көрсетілетін жерге қол жеткізу рұқсатын алғанға дейін, осы мәселелерді шешу үшін қабылдау қажет шаралар сипатталуы тиіс. Мердігер жұмыстар орындалатын/қызметтер көрсетілетін саладағы Заңнамалық талаптарды, ҚМГ компаниялары тобының саясаттарын, стандарттары мен талаптарын, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық іскерлік практиканы ескере отырып және оларға сәйкес ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасауы тиіс. Егер көрсетілген талаптар мен практиканың компоненттері арасында дәйексіздік немесе қарама-қайшылық болса, Мердігер, бұл Заңнамалық талаптарда көзделген дәрежеде олардың ең қатаң компоненттеріне сәйкес келу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

5.4.8. Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын Шарт Тәлімгеріне келісу үшін береді. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын Шарт тәлімгері мен Желілік басшы қарап, келіседі және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді немесе кемшіліктері көрсетіліп, Мердігерге қайтарылады. Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарының кез келген кемшіліктерін жояды және оны қайта қарауға береді. Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын Компаниялар тобының ұйымы оны Мердігер шарт бойынша жұмыстар орындауды/қызметтер көрсетуді бастағанға дейін бекітетіндей етіп жасайды. ҚМГ компаниялар тобының ұйымы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарауы Мердігерді Заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарына қайшы келмейтін жоспарды жетілдіріп, енгізу міндетінен босатпайды. Жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету жобасында жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету сипатына әсер ететін қандай да бір өзгерістер болған жағдайда, онда мұндай өзгерістер осы Стандартта белгіленген тәртіппен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

5.4.9. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерді ынталандыру шарттары ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

5.4.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды бұзу үшін айыппұл санкцияларын қолдану тетігі мен олардың мөлшері, өңірлердің, Объектілердің ерекшелігіне, жүргізілетін жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сипаты мен көлеміне қарай, Шарт жасалған кезде белгіленеді. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында белгіленген талаптарды бұзғаны үшін айыппұл санкциялары мен айыппұлдарының үлгі тізбесі Шартқа міндетті қосымша болып табылатын осы Стандартқа (KMG-F-3531.1-13/ ST-3524.1-13) көрсетілген.

**5.5. Мердігерді жұмылдыру және жұмысқа жіберу** (жұмыстар мен қызметтер үшін)

5.5.1. Мердігердің жабдығын, техникасын, мүлкін және Қызметкерлерін жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету учаскесінде жұмылдырудың болжамды мерзіміне дейін кем дегенде 10 (он) күн бұрын, Мердігер Шарттың әкімшісіне, Шарт тәлімгері мен Желілік басшысына:

1) жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету жобасын;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

3) жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз орындау үшін жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықты, оның ішінде аса қауіпті жұмыстарды орындау орындарын дайындау және аса қауіпті жұмыстар өндірісі үшін жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелерін, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз орындау, жабдықты, құрылыстарды, техникалық құрылғыларды жұмыс қалпында ұстау үшін, оларды қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғаларды тағайындау туралы, өндіріс пен тұтыну және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша нормалармен және қағидалармен реттелген басқа да қалдықтарымен жұмыс істеу бойынша жауаптыларды тағайындау туралы өзге де бұйрықтарды;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері үшін жауапты тұлғалардың, олардың өкілеттіктері, міндеттері мен жауапкершілік аялары және байланыс деректері, оның ішінде, жұмыстарды орындау жобасының өзіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жағдайы үшін жауапты тұлғаның деректері сипатталған тізімді;

5) инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың біліктілігін растайтын құжаттарды, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша білімді тексеру хаттамалары мен куәліктердің көшірмелерін;

6) көлік құралдарына, жабдыққа, техникаға, құралдарға сертификаттар, рұқсатнамалар, рұқсаттар туралы ақпаратты беруге міндетті.

5.5.2. Мердігерден 5.5.1-тармақта көрсетілген ақпарат алынғаннан кейін, Желілік басшы Мердігермен бастапқы кеңесті ұйымдастырады, онда:

1) Мердігердің негізгі Қызметкерлері жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету жобасының міндеттерімен неғұрлым егжей-тегжейлі танысады;

2) алдағы жұмыстардың/ көрсетілетін қызметтердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тиімділіктің негізгі көрсеткіштері Мердігерге жеткізіледі;

3) алдағы жұмыстардың/қызметтердің барлық Тәуекелдері/Қауіпті өндірістік факторлары мен олардың алдын алу шаралары нақтыланады;

4) осы жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету жобасы үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын Мердігердің назарына жеткізіледі;

5) Мердігер жабдығының, техникасының, мүлкінің және Қызметкерлерінің жұмылдыру алдындағы аудитін жүргізу кестесі келісіледі;

5.5.9. Егер Мердігердің Қызметкері қандай да бір болмасын себеппен Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінде кіріспе нұсқаулар беруден өтпесе, ол Объектідегі жұмыстарға жіберілмейді.

5.5.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі, Тапсырыс берушінің пікірінше, лайықты түрде жұмыстарды орындамайтын/қызметтерді көрсетпейтін немесе осы Стандарт пен Шарттың талаптарын орындамайтын немесе лайықты түрде жұмыстардың орындалуына/қызметтердің көрсетілуіне зиян келтіретін Мердігердің кез келген Қызметкерін жұмыстарды орындаудан/қызметтерді көрсетуден шеттетуді жазбаша түрде талап ете алады. Мердігер осындай қызметкерді дереу және өз есебінен ауыстыруы тиіс.

**5.6. Мердігердің жұмыстарды орындауы**

5.6.1. Мердігер Қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарға, қағидаларға, нұсқаулықтарға, регламенттер мен стандарттарға, Шарттың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тиісті талаптарына қатаң сәйкестікте жұмыстардың орындалуын/қызметтердің көрсетілуін Мердігер қамтамасыз етуі тиіс.

5.6.2. Мердігер Мердігердің қызметкерлерімен болған Оқиғалар, сондай-ақ дәрігерге дейінгі және (немесе) білікті медициналық көмек көрсетілген жағдайлар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және оларға ұқсас заттарға қатысты саясаттың бұзылуы туралы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей дереу хабардар етуге міндетті. Осы талапты сақтау Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін лайықты түрде орындауының ең маңызды талабы болып табылады.

5.6.3. Желілік басшы, Шарт тәлімгері немесе ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің басқа бір жауапты қызметкері ҚМГ компаниялар тобының ұйымына жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде Мердігердің Қызметкерлерімен және (немесе) Мердігердің жабдығымен болған Оқиғаларды тергеуге қатысады. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі Заңнамалық талаптарда белгіленген мерзімдерде Мердігерден Оқиғаларды тергеу туралы актілердің көшірмелерін, сондай-ақ Мердігердің жүргізілген тергеу қорытындылары бойынша әзірленген түзету іс-шараларын орындағаны туралы ақпаратты (есептерді) алады.

5.6.4. Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету барысында өз қызметінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес келуін тексеруді (аудиттерді) ұйымдастырады және оқтын-оқтын тексеруді жүргізеді. Бұл ретте, тексерудің 2 (екі) түрі: ішкі және сыртқы тексеруді жүргізу талап етіледі.

5.6.5. Ішкі тексерулер (аудиттер) – Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі мамандарының күшімен Мердігерлің ұйымның ішінде

ұйымдастырылады және жүргізіледі (Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделуі тиіс). Тексеруді жүргізу тәртібін Мердігер дербес белгілеуге құқылы, тексеру қорытындылары бойынша тиісті актілер жасалып, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне жіберіледі.

5.6.6. Мердігердің жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету объектілеріне сыртқы тексеруді (аудиттерді) ҚМГ компаниялары тобы ұйымының қызметкерлері ұйымдастырады және жүргізеді. Мердігердің Объектілерде жұмыстардың орындалуын/қызметтердің көрсетілуіне сыртқы тексеруді ҚМГ компаниялары тобы ұйымының өкілдері ұйымдастырады және жүргізеді.

Тексеруді жүргізу кезеңділігі – кем дегенде айына 1 рет. Тексеруге: ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің Қызметкерлері, жұмыстар орындалатын/қызметтер көрсетілетін учаске үшін жауапты Желілік басшы қатысады. Мердігердің өкілдері тексеру кезінде тексерушілерге материалдарға және (немесе) тексеру объектісіне бөгетсіз қол жеткізуді және ілесіп жүрушілер ретінде тексеруді жүргізу кезінде қатысуды қамтамасыз етуге міндетті. Тексеруді жүргізу барысында:

1) Шарт талаптарының іске асырылуы;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптардың сақталуы;

4) алдыңғы тексеру кезінде берілген ескертулердің жойылуы тексерілуі тиіс.

5.6.7. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету барысында Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарын сақтауын талдау бойынша кеңес өткізеді. Кеңестер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету процесінде тұрақты түрде, бірақ айына кем дегенде 1 (бір) рет өткізілуі тиіс. Оларды өткізу жиілігі Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленеді. Екі тараптың тиісті жауапты тұлғаларының кеңеске қатысуы міндетті.

5.6.8. ҚМГ компаниялары тобы ұйымының тарабынан кеңестерге қатысатын жауапты тұлғалардың тізімін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі дайындайды және белгіленген тәртіппен ҚМГ компаниялары тобы ұйымының бірінші басшысы немесе Шартқа қол қойған басқа да уәкілетті басшысы бекітеді.

### 5.7. Жұмыстар аяқталғаннан кейінгі бағалау

5.7.1. Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету ақталғаннан кейін, жұмыстар жүргізілген/қызметтер көрсетілген учаскенің Желілік басшысы Шарт тәлімгерімен бірлесіп, Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ

бойынша қызметінің нәтижелері бойынша осы Стандартқа (KMG-F-3533.1-13/ ST-3524.1-13) көрсетілген нысан бойынша толтыру парағын толтырады.

5.7.2. Шарт тәлімгері Мердігерді бағалау нәтижелерін ҚМГ компаниялары тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша сыни ТЖҚ бойынша Мердігерлердің деректер базасына енгізеді және одан арғы ынтымақтастық үшін осы Мердігерге «сәйкес келеді» және «сәйкес келмейді» мәртебесін береді.

5.7.3. ҚМГ компаниялары тобының ұйымы жүргізген бағалауға қарай, кейінгі ТЖҚ сатып алуға тарту кезінде және одан арғы ынтымақтастық үшін Мердігерлік ұйымды бақылаудың тиісті шаралары қабылданады. Егер Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметінің қорытындылары бойынша Мердігердің қызметін бағалау парағы бойынша 50%-тен кем сәйкестік (қызыл аймақ) алса, осындай Мердігерге «сәйкес келмейді» деген мәртебе беріледі.

5.7.4. Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жұмысының тиімділігі Шарттың шеңберінде жұмыстарды/қызметтер көрсетуді жалғастыру туралы шешім қабылдау, Шартты ұзарту немесе оны бұзу кезінде ескеріледі. Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің Шартта белгіленген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі талаптарға бірнеше рет сәйкес келмеуі болашақта көрсетілген Мердігермен қандай да бір болмасын Шарттар жасасудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

5.7.5. ҚМГ компаниялары тобының ТЖҚ бойынша Мердігерлердің деректер базасын ЕҚОҚ блогы тұрақты негізде (жыл сайын) жаңартады және «сәйкес келмейді» деген мәртебесі бар Мердігерлер туралы мәліметтер, Қордың Стандартында көзделген есептіліктің шеңберінде Қордың Біліктілік органына жіберіледі. Қордың Біліктілік органы, өз өкілеттіктерінің және Қор Стандарты ережелерінің шеңберінде, осындай Мердігерлерді Әлеуетті білікті өнім берушілердің тізілімінен алып тастайды. Қордың біліктілік органы өз өкілеттіктері мен Қор стандартының ережелері шеңберінде білікті әлеуетті өнім берушілер тізіліміне кіретін Мердігерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі туралы шешім қабылдайды.

## 6. НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

Төмендегілер нәтижелілік критерийлері болып табылады:

6.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша сыни ТЖҚ шарттарын Заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарына сәйкес орындау.

6.2. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту.

6.3. Қосалқы ұйымдардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері бойынша деректер базасын қалыптастыру.

## 7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Стандартта келесі құжаттар қолданылған:

| | | |
|---|---|---|
| 1. | 1-нұсқа | ҚМГ компанияларының тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі басшылық |

## 8. ЖАЗБАЛАР НЫСАНДАРЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1. | KMG-F-3535.1-13/ ST-3524.1-13 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жалпы модель |
| 2. | KMG-F-3534.1-13/ ST-3524.1-13 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни ТЖҚ үлгі тізбесі |
| 3. | KMG-F-3525.1-13/ ST-3524.1-13 | Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы білікті критерийлерді бағалау жөніндегі үлгілік мәселелер нысаны |
| 4. | KMG-F-3527.1-13/ ST-3524.1-13 | Техникалық ерекшелік бөліміне арналған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы шаралар бойынша талаптар |
| 5. | KMG-F-3528.1-13/ ST-3524.1-13 | Шарттағы «Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы міндеттемелері» туралы бөлім |
| 6. | KMG-F-3529.1-13/ ST-3524.1-13 | Шартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім |
| 7. | KMG-F-3530.1-13/ ST-3524.1-13 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары |
| 8. | KMG-F-3531.1-13/ ST-3524.1-13 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бұзушылықтар үшін айыппұл санкцияларының үлгі тізбесі |
| 9. | KMG-F-3532.1-13/ ST-3524.1-13 | Мердігерлік ұйымды Объектінің аумағында жұмыстарды жүргізуге/қызметтерді көрсетуге жіберу актісінің нысаны |
| 10. | KMG-F-3533.1-13/ ST-3524.1-13 | Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметін бағалау парағының нысаны |

| | | |
|---|---|---|
| ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | **ЕҚ, ҚҰ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша жалпы модель** | |
| **ИБЖ нысаны** | **KMG-F-3535.1-13/ ST-3524.1-13** | **3 беттің 1-беті** |

# ЕҚ, ҚҰ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша жалпы модель



| | | |
|---|---|---|
| ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | **ЕҚ, ҚҰ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша жалпы модель** | |
| **ИБЖ нысаны** | **KMG-F-3535.1-13/ ST-3524.1-13** | **3 беттің 2-беті** |




ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігермен өзара іс-қимыл жасау процесіндегі ең маңызды іс-қимылдар

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы сыни ТЖҚ үлгі тізбесі[1]

| № | Атауы |
|---|---|
| **1** | **Жұмыстар** |
| 1 | Геологиялық-барлау жұмыстары |
| 2 | Пайдаланушылық бұрғылау жұмыстары |
| 3 | Ұңғымаларды жөндеу/қайта құру жұмыстары |
| 4 | Ұңғыманы салу (құру) жұмыстары |
| 5 | Ғимараттарды/құрылыстарды салу |
| 6 | Мұнай өндіру жабдығын жөндеу |
| 7 | Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу |
| 8 | Құбырларды салу, оларға қызмет көрсету және оларды жөндеу |
| 9 | Қалдықтадры кәдеге жарату |
| 10 | Электр жабдығын жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету |
| 11 | Ұңғымалдарды ағымдағы және күрделі жөндеу |
| 12 | Бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу және оларға қызмет көрсету |
| 13 | Барлап/сынап бұрғылау жұмыстары |
| 14 | Мұнай беруді арттыру жұмыстары |
| 15 | Ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу |
| 16 | Электр беру желілерін салу, жөндеу және оларға қызмет көрсету |
| 17 | Сыйымдылық жабдығын жөндеу және оған қызмет көрсету |
| 18 | Тиеу-түсіру жұмыстары |
| 19 | Іске қосу-баптау жұмыстары |
| 20 | Мұнай өңдеу қондырғылары мен жабдығын жөндеу/жаңғырту жұмыстары |
| 21 | От және газ қауіпті жұмыстар |
| **2** | **Қызметтер** |
| 1 | Геофизикалық қызметтер |
| 2 | Сейсмикалық зерттеу |
| 3 | Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтері |
| 4 | Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер |
| 5 | Апаттан құтқаруды қамтамасыз ету қызметтері |
| 6 | Жүкті тасымалдау бойынша көліктік қызметтері |
| 7 | Жолаушыларды тасымалдау бойынша көліктік қызметтер |
| 8 | Арнайы техникалы жалдау қызметтері |
| 9 | Сорғыларды жалдау қызметтері |
| 10 | Медициналық қарап-тексеру қызметтері |
| 11 | Жүк көтергіш тетіктерін куәландыру қызметтері |
| 12 | Крандар мен басқа да көтергіш жабықты/тиеу-түсіру жабдығын жалдау қызметтері |
| **3** | **Тауарлар[2]** |
| 1 | Мұнай кәсіпшілігінің жабдығы мен құралы |
| 2 | Ырғалғыш білдек |

[1] ҚМГ компаниялар тобының ұйымы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің ерекшелігіне және тәуекел деңгейіне байланысты қалыптастырады

[2] ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және әлеуетті тәуекелдер тұрғысынан

| | |
|---|---|
| 3 | Өндіру және бұрғылауға арналған құбыр өнімі |
| 4 | Полимерлі материалдардан жасалған құбыр өнімі |
| 5 | Құбырларға арналған құбыр өнімі |
| 6 | Арнайы техника |
| 7 | Жерүсті сорғы жабдығы |
| 8 | Ілмекті арматура |
| 9 | Автокөлік |
| 10 | Электр-техникалық бұйымдар мен жабдық |
| 11 | Сорғы қарнағы |
| 12 | Арнайы киім, арнайы аяқ киім және ЖҚҚ |
| 13 | Жерасты сорғы жабдығы |
| 14 | Автоматты өлшеу құралдарын басқару және бақылауға арналған аспаптар, сигнал беру жүйелері (өрт хабарлағыштары, газдану сигналдау датчиктері және т. б.) |

## Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік критерийлерін бағалау жөніндегі үлгі мәселелелердің тізбесі

| Тақырып | Бағалау |
|---|---|
| **1. Саясат** | |
| Сіздің ұйымыңызда ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясатын белгілейтін, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жұмыс практикасы егжей-тегжейлі жазылған құжат (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылық немесе ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тиісті бөлімдері бар пайдалану жөніндегі басшылық) бар ма? Егер болса, онда құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Саясат адамдардың назарына қалай жеткізілетінін және барлық деңгейлерде қалай орындалатынын сипаттап беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ үшін толық жауапкершілік жүктелген тұлға бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **2. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді/қызметтерді қауіпсіз көрсетуді ұйымдастыру** | |
| Орындалатын жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге байланысты қызметтің жекелеген түрлеріне барлық қажетті қолданыстағы лицензиялардың (мысалы, қауіпті заттармен жұмысқа, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге), сондай-ақ ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптармен белгіленген қоршаған ортаға эмиссияға (мысалы, шығарындыларға, тасталымдарға, қалдықтарды орналастыруға) рұқсаттың бар-жоғы мен мерзімі. Құжаттардың қолданылу мерзімін көрсете отырып, тізбені қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Қауіп ықтималдығы бар заттарға сертификаттардың: химиялық заттың қауіпсіздік паспортының, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының, пайдалануға рұқсаттың бар-жоғы. Құжаттардың қолданылу мерзімін көрсете отырып, тізбені қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сізде жұмыстардың қауіпті түрлерін орындау бойынша мамандандырылған нұсқаулықтар бар ма? Барлық тиісті нұсқаулықтарды атаңыз. | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің бар-жоғы және саны. Ұйымның ұйымдық құрылымы мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің құрылымын қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тағайындалған жауапты тұлғалардың бар-жоғы. Бұйрықтардың көшірмелерін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Осы нұсқалықтарда көрсетілген барлық қызметкерлердің және (немесе) топтардың (деңгейлердің) рольдері мен міндеттері нақты бөлінген бе?<br>Жауап/Комментарий: | |

| | |
|---|---|
| Сіздің ұйымыңызда рұқсат нарядтары жүйесін қалай түсінетінін сипаттап беріңіз. Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыз өз қызметінде жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету кезінде Тәуекелдерді талдауды қолдана ма? Үлгі келтіріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **3. Алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын қолдануға тыйым салу саясаты** | |
| Сіздің ұйымыңызда алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын қолдану салдарына толық төзімсіздікті белгілейтін алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын қолдануға тыйым салудың құжаттамаланған саясаты бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Оның барлық қызметкерлердің назарына қалай жеткізілетінін сипаттаңыз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыз осы саясаттың орындалуы мен сақталуын қалай бақылайтынын сипаттаңыз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **4. Оқу бағдарламалары мен тренингтер** | |
| Сіздің ұйымыңызда жұмысқа қабылдау кезінде барлық жаңа қызметкерлерге кіріспе нұсқаулар беріле ме және нұсқаулар тұрақты негізде қайта беріле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Жалпы оқу бағдарламасында жұмыстардың арнайы түрлері бойынша сұрақтар бар ма, сондай-ақ білім деңгейін тексеру мәніне тест жүргізіле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың офисінде барлық оқу материалдары, сондай-ақ оқудан өткендердің тізімі үнемі жаңартылып, сақтала ма? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Заңнамалық талаптарға сәйкес, барлық қызметкерлер алатын білімнің және барлық біліктілік емтихандар мен тестілердің есебі жүргізіле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқу жүргізіле ме және егер жүргізілсе, қандай курстар (тренингтер) жүргізілетінін көрсетіңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **5. Оқиғалар туралы есептілік және статистикалық деректерді жинау** | |
| Сіздің ұйымыңызда Оқиғалардың есебі жүргізіле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың басшылығы жақсартуды талап ететін мәселелерді айқындау үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша статистиканы талдай ма? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша статистикалық деректерді Сіздің тапсырыс берушілеріңізге және (немесе) клиенттеріңізге берудің ресми рәсімі бар ма? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |

Келесі көрсеткіштер бойынша Сіздің ұйымыңыздағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша соңғы 3 (үш) жылдағы статистикалық деректерді беріңіз:

| Көрсеткіш | 20XX-3 жыл | 20XX-2 жыл | 20XX-1 жыл | 20XX |
|---|---|---|---|---|
| Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар саны | | | | |
| Еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғалардың саны (жеңіл, орташа, ауыр) | | | | |
| Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетілген жағдайлардың саны | | | | |
| Білікті медициналық көмек көрсету жағдайларының саны | | | | |
| Жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) саны | | | | |
| «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатын бұзу жағдайларының саны | | | | |
| Қоршаған ортаны ластау жағдайларының саны | | | | |

Сіздің ұйымыңызда қоршаған ортаның ластану деңгейі (оның ішінде, парниктік газдардың тасталуын түгендеу), ағынды су төгіндісі мен қалдықтарды орналастыру бойынша статистикалық есептіліктің белгіленген нысандары түрінде есеп жүргізіле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.
Жауап/Комментарий:

**6. Оқиғаларды тергеу тәртібі**

Сіздің ұйымыңызда Заңнамалық талаптарға сәйкес тіркелетін Оқиғалар тергеле ме және ұйымыңызда осындай Оқиғаларды тергеудің ресми тәртібі бар ма? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.
Жауап/Комментарий:

Сіздің ұйымыңызда тапсырыс берушінің немесе клиенттің қызметкерлерімен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірлесіп, Оқиғалардың тергелуін үйлестіру үшін оқудан өткен және қажетті біліктілігі бар қызметкерлер бар ма? Қажетті құжаттаманы беріңіз.
Жауап/Комментарий:

Тергеу тәртібі Оқиғаның түбегейлі (жүйелі) себептерін айқындау тетігін айқындауды көздей ме?
Жауап/Комментарий:

Ұсынымдар Оқиғаның түбегейлі (жүйелі) себептерін тікелей жоюға бағыттала ма және әрбір ұсынымды орындау шаралары мен мерзімдерін нақты белгілей ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.
Жауап/Комментарий:

Оқиғаларды тергеу қорытындылары мен тұжырымдар барлық қызметкерлердің назарына жеткізіле ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.
Жауап/Комментарий:

Сіздің ұйымыңызда жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін қандай шаралар қабылданып жатыр? Желіге шығатын жүргізушілерді куәландыру үшін көлік қауіпсіздігі қызметі, медициналық пункт бар ма?

| | |
|---|---|
| Жауап/Комментарий: | |
| **7. Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару** | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару құжаты бар ма? Егер болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Жұмыс орындарында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды анықтау/жою/азайту үшін Сіздің ұйымыңызда қандай әдістемелер мен бағдарламалар (СТОП-карта, ҚМБ/ЖҚМБ ұқсас) қолданылады? Егер болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Тәуекелдерді/Қауіпті және Зиянды өндірістік факторларды басқару бойынша әзірленген түзету іс-қимылдар жоспары бар ма? Егер болса, құжаттың көшірмесін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **8. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы табыстар үшін ынталандыру бағдарламасы** | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметкерлерді ынталандырудың ресми бағдарламасы бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметкерлерді ынталандыру бағдарламаңыз талаптар мен өлшемді мақсаттарды және оларға қол жеткізу әдістерінің сипаттамасын белгілей ме? Мақсаттарға қол жеткізу мен ынталандыруды қолдану қалайша бақыланатынын сипаттаңыз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **9. Жеке қорғау құралдары (ЖҚҚ)** | |
| Сіздің ұйымыңыз өз қызметкерлеріне жеке қорғау құралдарын (каска, аяқ киім, биялай және т.с.с.) бере ме? Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда нақты жұмыс түрлері немесе лауазымдар үшін ЖҚҚ-ға деген қажеттіліктерді айқындау жүйесі бар ма? Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда барлық қызметкерлерді жеке қорғау құралдарын дұрыс пайдалануға және оларды күтуге оқыту бойынша бекітілген бағдарламасы бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **10. Ішкі тексеру (аудиттер)** | |
| Жұмыс объектісінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің өкілі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару процесін тұрақты бағалау үшін ішкі тексеруді (аудитті) жүргізу тәртібі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда тексеру (аудиттер) қорытындылары мен ұсынымдарды есепке алу рәсімі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Жағдайды түзету шараларын қабылдау үшін білімі мен өкілеттіктері бар нақты тұлғаларға ұсынымдар беріле ме?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Ұйғарымдардың орындалуы бақылана ма? | |

| | |
|---|---|
| Жауап/Комментарий: | |
| Әзірленіп, бекітілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **11. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жиналыстар мен комитеттер** | |
| Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша кеңестерді өткізудің бекітілген тәртібі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Ұйымыңыздағы құрылымдық бөлімшелерде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша сайынғы (ауысым алдында/рейс алдында) нұсқамалар беру жүргізіле ме? Қажетті құжаттаманы беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда бірінші басшының немесе уәкілетті тұлғаның төрағалығымен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі жұмыс істейтін комитет немесе осы секілді орган бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Жиналыстарда немесе комитеттерде, Сіздің ұйымыңыздың басшыларының қатысуымен, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесіне немесе ұйымыңыздың құрылымдық бөлімшелеріндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерінің жай-күйіне шолу жасала ма? Қажетті құжаттаманы беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| **12. Апаттық дайындық** | |
| Сіздің ұйымыңызда апатта қорғау құралдары (өрт сөндіру құралдары, өрт датчиктері, хабарлау жүйесі, газ талдаушылары, газтұтқыштар, құтқару құралдары) бар ма. Растайтын құжаттаманы қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда төтенше жағдайларға (ТЖ) ден қоюға дайындық бойынша оқу қалай ұйымдастырылған?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сізде персоналмен оқу және практикалық оқу-жаттығу дабылы мен сабақтар өткізілетінін растайтын құжаттар бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда әрбір объектіде ТЖ туындаған жағдайда ден қою жоспарларын әзірлеумен айналысатын қызметкер (маман) бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **13. Медициналық қызмет көрсету** | |
| Сіздің ұйымыңызда алдын ала медициналық қарап-тексеру жүргізіле ме (жұмысқа қабылданғанда)?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда мерзімдік медициналық қарап-тексеру жүргізіле ме (қызметкердің денсаулығының жағдайын динамикалық бақылауды қамтамасыз ету)?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеру жүргізіле ме (қызметкерде аурудың бар-жоғын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау үшін)?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Заңнамалық талаптарға сәйкес, Сіздің ұйымыңызда барлық қызметкерлердің денсаулығының жағдайына мерзімдік бақылау жүзеге асырыла ма?<br>Жауап/Комментарий: | |

| | |
|---|---|
| **14. Қосалқы мердігерлердің біліктілігін тексеру** | |
| Сіздің ұйымыңызда Қосалқы мердігердің Сіздің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша талаптарыңыз бен нұсқаулықтарыңызды жақсы түсініп, оларға толығымен сәйкес келу шартын қамтамасыз ететін Қосалқы мердігердің біліктілігін бағалау тәртібі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда Қосалқы мердігерлердің жұмыстарды орындауын/қызметтерді көрсетуін бақылау және, қажет болғанда, түзету шараларды қабылдау тәртібі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Қосалқы мердігерлер Сіздің ұйымыңызда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жүргізілетін кеңестерге және/немесе тексерулерге (аудиттерге) қатыса ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **15. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша талаптарға сәйкестік** | |
| Сіздің ұйымыңызда ұйым объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияларға (шығарындыларға, тасталындыларға, қалдықтарға) рұқсат бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда ұйым объектілерінен шығатын қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды айқындаудың бекітілген тәртібі бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың қалдықтарын кәдеге жарату жоспары Заңнамалық талаптарға сәйкес келе ме?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Қоршаған ортаға ШРШ мен ШРТ жобалары бекітілді ме?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **16. Жабдық пен көлік құралдарын инспекциялау және сертификаттау** | |
| Сіздің ұйымыңызда ұйым пайдаланатын барлық жерүсті көлік құралдары мен жабдықты тексеру (аудитін жүргізу) үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тексеру парағы бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңызда барлық тиісті жерүсті көлік құралдары мен жабдығына қажетті мемлекеттік қауіпсіздік сертификаттары бар ма?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың жерүсті көлік құралдарындағы отыратын орындардың барлығы дұрыс істейтін қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған ба?<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың жерүсті көлік құралдарында борттық қозғалыс мониторинг жүйелерімен (GPS) жабдықталған ба? Борттық қозғалыс мониторинг жүйелерімен жабдықталған жерүсті көлік құралдарының тізбесін қоса беріңіз.<br>Жауап/Комментарий: | |
| Сіздің ұйымыңыздың жүргізушілері қорғалып жүргізу мен қысқы жүргізу бағдарламалары бойынша оқудан өтті ме?<br>Жауап/Комментарий: | |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесін бағалаудың қорытынды балы** | |

| | | |
|---|---|---|
| Дайындады<br><br>Мердігер басшылығының уәкілетті өкілі | Бағалауды жүргізді<br><br>ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің басшысы | |
| Лауазымы: | Лауазымы: | |
| Қолы: | Қолы: | |
| Күні: | Күні: | |

**Техникалық ерекшелік бөлімі үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы шаралар бойынша талаптар**

1. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету шарттарының қысқаша сипаттамасы

2. Жоспарланған жұмыстардың/қызметтердің Тәуекелдерін бағалау

| Тәуекел/Қауіпті және(немесе) Зиянды өндірістік фактор | Тәуекел/Қауіпті және(немесе) өндірістік фактор деңгейі | Тәуекелді/Қауіпті және(немесе) Зиянды өндірістік фактордың алдын алу және азайту шаралары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

3. Жабдыққа, көлікке, техникаға, мүлікке қойылатын негізгі талаптар

4. Мердігердің Қызметкерлеріне қойылатын негізгі талаптар

## «ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымның міндеттемелері» шарттың бөлімі [1]

1. Осы Шарт бойынша Мердігер жұмыстарды орындау барысында:

1.1. Еңбек заңнамасы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және жұмыстарды орындау/қызмет көрсету аумағында қолданылатын өзге де нормативтік актілерді қоса алғанда, қолданыстағы заңнамалық талаптардың нормаларын сақтауға;

1.2. Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясатын, ҚМГ алтын қағидаларының базалық қағидаттарын сақтауға, жұмыстарды қауіпсіз орындау/қызметтерді көрсету тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға;

1.3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі, жұмыстар орындалатын/қызметтер көрсетілетін Объектінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

1.4. Мердігерлік ұйымдардың қызметіне қатысты СМ және өзге де ішкі құжаттардың талаптарын қоса алғанда, ҚМГ компаниялары тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

1.5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және Мердігердің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

1.6. Жұмыстарды жүргізу/қызметтер көрсету алдында Мердігер Қызметкерлерінің дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

1.7. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуы үшін жауап беретін өзінің уәкілетті өкілі мен Мердігердің басқа да Қызметкерлерінің тегін Тапсырыс берушіге хабарлауға;

1.8. Тапсырыс берушіге дәрігерге дейінгі және(немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясаттың бұзылуы жағдайларын қоса алғанда, Оқиғалар туралы мәліметтерді дереу, анықталған сәтінен бастап, 1 сағаттан кешіктірмей ұсынуға;

1.9. Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Оқиғаларды тексеруді ұйымдастыру. Оқиғаларды тексеруді Заңнамалық талаптармен және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарымен көзделген тәртіппен, заң талаптарымен көзделген жағдайларда Тапсырыс берушінің, Мердігердің және тартылатын Қосалқы мердігерлердің (егер қажет болса) өкілдерінің, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тексеру жөніндегі комиссияға қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

1.10. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін Қосалқы мердігерді тартқан жағдайда, Мердігер Қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес келетіні туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға және Қосалқы мердігерді тарту үшін Тапсырыс берушіден жазбаша түрде мақұлдау

[1] ҚМГ компаниялары тобы ұйымының (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) үлгі шарты үшін

алуға міндетті. Бұл ретте, Тапсырыс беруші жалдау туралы шешім қабылдау үшін Қосалқы мердігердің жабдығын, техникасын, көлігін, мүлкін және қызметкерлерін тәуелсіз тексеру (аудитін жүргізу) құқығын өзіне қалдырады. Қосалқы мердігерді тарту туралы оң шешімді алғаннан кейін, Мердігер онымен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды қосуға және олардың орындалуын бақылауға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, Мердігер Қосалқы мердігермен жасасқан шарттың көшірмелерін беруге және, Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мердігер қолданыстағы Заңнамалық талаптарда талап етілетін, жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге қатысы бар барлық лицензиялар мен рұқсаттардың күшін сақтауы тиіс, барлық әкімшілік рұқсаттардың, оның ішінде, қызметі жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Мердігердің барлық Қызметкерлері, агенттер немесе Мердігердің Қызметкерлері үшін кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды уақытылы алуы және олардың толық күшін сақтауы тиіс.

3. Мердігердің барлық Қызметкерлерінің сапалы жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігінің болуын, еңбек тәртібін сақтауын және белгіленген, жұмысқа/қызметке немесе оны орындауға/көрсетуге қатысы бар ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер өз қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша жұмыстарды орындауы/қызметтерді орындауы тиіс.

Қажет болғанда, Мердігер, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, жұмыстар учаскесіне қол жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету үшін талап етілуі мүмкін Мердігер Қызметкерлерінің қосымша оқуын (мысалы, жүргізушілер үшін қорғалып және қысқы жүргізу) өз есебінен қамтамасыз етеді.

4. Тапсырыс беруші, Тапсырыс беруші үшін шығынсыз, Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін орындауда біліксіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын қылықтар үшін айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге залал келтіретін Мердігердің кез келген Қызметкерін жұмыстан шеттетуді Мердігерден кез келген уақытта талап етуге құқылы және Мердігер осы талапты орындауға және, талап етілсе, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығыстарсыз, оны қолайлы түрде дереу ауыстыруға міндетті болады.

5. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімақыларды төлеу, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген залалды өтеу бойынша жауапкершілікті өзі көтереді. Тапсырыс беруші Мердігерді жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалдардың барлығын өтеуге міндеттенеді.

6. Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету процесінде Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен болған Оқиғаларға кінәлі болса, Мердігер келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

7. Тергеу Мердігердің немесе Мердігер тартқан Қосалқы мердігердің кез келген қызметкерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзу фактісін анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші олардың денсаулығына залал келтіруге әкеп соққан Оқиғалар үшін жауап бермейді

8. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігер және (немесе) Қосалқы мердігер Қызметкерлерінің денсаулығына және өміріне келтірілген зиянға, бұл ретте, осы кіші бапқа сәйкес, меншіктегі, жалға алынған немесе Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету үшін беретін барлық жабдық Мердігердің жабдығы немесе меншігі болып есептелетіндіктен, Мердігердің жабдығын немесе жылжымайтын мүлкінің жойылуына,

зақымдалуына немесе оларды пайдалану мүмкінсіздігіне қатысты, не болса да және Тапсырыс берушінің салақтығына немесе міндеттеріне немқұрайлы қарауына қарамастан, кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, шағым-талаптардан немесе залалдардан (оның ішінде, сот шығындары мен шығыстарынан) және оларға қарсы қорғауға, өтеу мен сақтауға міндеттенеді,

9. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің Қызметкерлерінен туындаған қоршаған ортаны, Мердігердің жабдығын немесе меншігін кез келген түрде ластауына байланысты пайда болатын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан және оларға қарсы қорғауға, өтеуге және сақтауға міндеттенеді.

10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап он төрт (14) күн ішінде, Мердігер Заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуді өз есебінен қамтамасыз етуі тиіс және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сақтауы тиіс және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін беруі тиіс, ол келесіні қамтиды, бірақ олармен ғана шектелмейді:

1) қызметкер өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оның өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру;

2) кәсіби қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру;

3) үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;

4) жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру;

5) Экологиялық сақтандыру;

6) Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті сақтандырудың кез келген басқа да түрлері.

11. Тапсырыс беруші Мердігердің және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің Шарттың осы бабының ережелерін сақтауын бақылауға құқылы. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің, Мердігердің және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің өкілдері қол қоятын актіде тіркеледі. Мердігер және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлер осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші оны біржақты тәртіппен ресімдейді.

12. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзуы болып табылады және Тапсырыс берушіге, Тапсырыс берушінің осындай бұзуға байланысты Мердігердің залалдарын өтеу міндеттемелерінсіз, осы Шартты біржақты бұзу құқығын береді.

**Шартқа қоса тіркелетін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісім** [1]

_________________ қ.                                        201__ жылғы «____» ____________

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «__________________» атынан ________________________________________________________ негізінде іс-қимыл жасайтын ____________________, бір тараптан, және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын «__________________» атынан ________________________________________________ негізінде іс-қимыл жасайтын _____________________, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, осы төмендегілер туралы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісімді (бұдан әрі – Келісім ) жасасты:

1. Тапсырыс беруші ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне ерекше көңіл бөледі және Мердігерден және (немесе) Қосалқы мердігерден (Қосалқы мердігерлерден) осы саясатты сақтау мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ең жоғары стандарттарды қамтамасыз етуді талап етеді. Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптары осы Келісімде, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі корпоративтік құжаттарында жазылған, олар жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету іс жүзінде басталғанға дейін 15 күннен кешіктірілмей, Мердігерге берілуі тиіс.
2. Тапсырыс беруші тексеру нәтижесінде немесе өзге түрде Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтамау фактілерін анықтаған жағдайда, Тапсырс беруші мен Мердігер осындай бұзышулықтарды жою жоспары мен мерзімдерін келіседі. Мердігердің тараптардың келіскен осындай мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін тиісті шараларды қабылдай алмауы Тапсырыс берушінің осындай бұзуға байланысты Мердігердің залалдарын өтеу бойынша міндеттемелерінсіз Тапсырыс берушінің осы Шартты біржақты бұзуы үшін негіз болып табылады.
3. Мердігер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық қолданылатын Заңнамалық талаптарды, бекітілген практикалық басшылықтар мен қолданыстағы нормалар мен қағидаларды орындайды және сақтайды. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету процесінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған барлық негізді сақтық шараларын қабылдайды.

4. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігер:

Тапсырыс берушінің жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету аумағында қолданылатын Заңнамалық талаптар, оның ішінде, Еңбек кодексі, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заң, Экологиялық кодекс, Азаматтық қорғау туралы заң, өзге де заңдар мен нормативтік актілер нормаларының, оның ішінде, осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген ішкі құжатардың, саясаттардың, Тапсырыс берушінің Объектілерінде орындау міндетті болып табылатын қағидаладың, стандарттардың, регламенттер мен нұсқаулықтардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өзінің Қосалқы мердігерлерінің осы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
Осы Келісімнің Мердігердің Қызметкерлеріне және Қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне қатысты ережелері, Мердігердің/Қосалқы мердігердің осындай тұлғалармен еңбек шарттарын, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды жасасқанына немесе жасаспағанына немесе Мердігердің/Қосалқы мердігердің осындай тұлғалармен қатынастары құжаттамалық ресімделмегеніне қарамастан, Мердігер немесе Қосалқы мердігер жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге тартқан кез келген жеке тұлғаларға

[1] ҚМГ компаниялары тобы ұйымының шарты үшін (бұдан әрі – Тапсырыс беруші)

қатысты қолданылуы тиіс. Мердігер/Қосалқы мердігер мен жұмыстарды орындауға тартылған жеке тұлғалар арасындағы қатынастардың құжаттамалық ресімделмеуі осы Келісім талаптарының осындай тұлғаларға қолданбау мен Мердігер/діҚосалқы мердігерді тиісті жауапкершіліктен босату үшін негіз бола алмайды.

Тапсырыс берушінің келесі талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге (төмендегілерге қатысты):

4.3.1. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер мен тергеу жүргізу туралы ақпараттандыру саласында:
4.3.1.1 Оқиғадан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірмей, барлық болған жазаайым жағдайлар, апаттар, инциденттер, жол-көлік оқиғалары мен басқалары туралы осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген Оқиға туралы бастапқы хабарлама нысаны бойынша дереу хабарлауға;
4.3.1.2. Есепті айдан кейінгі айдың 4-ші күніне дейінгі мерзімде осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ай сайынғы есептің нысаны бойынша өз жұмысының қорытындылары туралы ақпаратты ай сайын беруге;
4.3.1.3. Мән-жайлары Мердігердің қызметімен тікелей немесе жанама байланысты Тапсырыс берушінің ішкі рәсіміне сәйкес, ол жүргізуге бастамашылық еткен оқиғаны тергеуге қатысуға міндеттенеді.

4.3.2. Көлік қауіпсіздігі мен жерүсті көлік құралдарымен тасымалдар саласында:
4.3.2.1. Жолаушылар мен жүк, оның ішінде қауіпті жүк тасымалдау үші пайдаланылатын Мердігердің барлық жерүсті көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ) келесі құрылғылармен:
1) оларды дайындаушы зауыттың орнатуына қарамастан, жүргізуші мен барлық жолаушыларға арналған жүрыс істейтін қауіпсіздік белдіктерімен;
2) қосымша дөңгелекпен, баллон кілтімен, дұрыс істейтін құралдармен;
3) қысқы кезеңде – КҚ-нің барлық дөңгелектерінде қысқы шиналармен;
4) КҚ орналасқан жерін қашықтықтан айқындау және жылдамдық режимін бақылау үшін КҚ-нің борттық мониторинг жүйелерімен жабдықталуы тиіс. Бұл ретте, орнатылған жүйелерден алынатын деректердің есебі мен талдауы ұйымдастырылуы тиіс;
5) жол қозғалысы қағидаларының (бұдан әрі – ЖҚҚ) бұзушылықтарын тіркеу үшін бейнетіркеушілермен;
КҚ немесе олар міндетті түрде пайдаланылатын объектілерде дұрыс істейтін қорғау құралдарымен (ұшқын сөндіргіштермен, статикалық электрді алып тастауға арналған құқрылғылармен және т.с.с.) жабдықталуы тиіс. КҚ-ға қатысты, дайындаушы зауыт ұшқын сөндіргішті (КҚ-ның ішкі конструкциясында) көздегеніне қарамастан, ұшқын сөндіргіштер КҚ-да сыртқы аспап ретінде орнатылуы тиіс (визуалдық анықталуы тиіс);
6) медициналық дәрі қобдишасымен, апаттық тоқтау белгісімен, өрт сөндіргіштердің қажетті санымен, сырғуға қарсы тіреулермен, жарық шағылыстырғыш жилеттермен, құтқару жилеттермен (мұз өткелдерінде жұмыс істегенде) және басқа да қажетті АЖҚ мен қауіпсіздік құралдарымен жабдықталуы тиіс.

4.3.2.2. Мердігер:
1) Заңнамалық талаптарға сәйкес КҚ жол қозғасының қауіпсіздігі бойынша жұмысты;
2) жүргізушілердің ЖҚҚ сақтауын бақылауды;
3) жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету алдында желіге (маршрутқа) шығу алдында КҚ бақылап, қарауды;
4) КҚ жүруді қауіпсіз басқару жоспарын енгізу мен қолдануды ұйымдастыруға міндетті.
4.3.2.3. Мердігер:

1) Заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізушілердің еңбек пен демалыс режимін сақтады;
2) Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің стандарттарына сәйкес, тиісті біліктілігі бар жүргізушілерді жіберуді және КҚ-ның тиісті санатын басқаруға арналған қажетті рұқсат құжаттарын;
3) дайындаушы зауыт бекіткеннен кем болмайтындай етіп, КҚ-қа тұрақты техникалық қызмет көрсетудің жүргізілуін және техникалық тұрғыдан дұрыс істейтін КҚ-ны желіге шығаруды;
4) жүргізушілерді рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап, тексеруді; дайындаушы зауыттың талаптарына сәйкес КҚ-ны мақсатымен пайдалану мен қолдануды;
5) КҚ-ның барлық жоспарлы жол жүруін бағалау мен Оқиғаларды болдырмау шараларын әзірлеуді;
6) Тапсырыс берушінің жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясатын сақтауды;
7) КҚ-ның Тапсырыс берушінің Объектісінде (болған жағдайда) қойылған белгіге (схемаларға) сәйкес қозғалысы мен тұрағын қамтамасыз етуге міндетті.

4.3.3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында:
4.3.3.1. Жеке қорғау құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және оларды қолдану:
1) Мердігердің барлық Қызметкерлері сертификатталған ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі тиіс және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес, жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету орнында болғанда, оларды негізгі ең аз қажетті ЖҚҚ пайдалануы тиіс:
а) тұмсықасты металдан жасалған немесе композиттік қорғайтын аяқ киім;
б) иектік бауы бар каска;
в) маусымға және климаттық белбеу мен орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес арнайы киім;
г) көзді, бетті қорғау құралдары (көзілдірік, қалқаншалар) және қолды қорғау құралдары (биялайлар).
4.3.3.2. Қауіпті жұмыстарды орындайтын Мердігердің қызметкерлері тиісті ЖҚҚ-мен қосымша қамтамасыз етілуі тиіс:
1) тегістеу және қайрау құралымен жұмыс істегенде – бетке арналған қалқаншамен;
2) дәнекерлеу жұмыстары үшін – жабық қорғау көзілдірігімен, қорғау маскаларымен және ыстыққа төзімді биялаймен;
3) жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету шарттары мен түрлеріне қарай, тыныс органдарын қорғау құралдарымен (ТОЖҚҚ);
4) биіктікте жұмыс істегенде – құлаудан қорғау құралдарымен;
5) электр қондырғыларымен жұмыс істегенде – электр доғасының әсерінен қорғау құралдарымен;
6) су объектілерінде жұмыс істегенде – қорғау және құтқару құралдарымен.
4.3.3.3. Мердігер төменше жағдайлардағы іс-қимыл жоспарларының, қауіпті өндірістік объектідегі апаттардың салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларының, орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сипатына қатысты, Объектіде мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуін ескерту және жою жоспарларының, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті өзге де құжаттардың болуын қамтамасыз етеді.
4.3.3.4. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде Жұмыс орындарында пайдаланылатын жабдық пен қауіпті заттарға өзекті сертификаттардың, химиялық заттың қауіпсіздік паспорттарының, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылардың, жабдықты пайдалануға және қолданылатын химиялық реагенттерді пайдалануға рұқсаттардың, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті өзге де құжаттардың болуын қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.3.5. Мердігердің Қызметкерлерін Тапсырыс берушінің Объектілерінде қауіпті жұмыстарды тікелей орындауға жіберу рұқсат нарядтар мен бұйрықтарды ресімдеу арқылы жүзеге асырылады. Жұмыстарды жүргізу үшін арнайы рұқсат алу қажет болғанда, рұқсат наряды қолданылады. Рұқсат наряды Жұмыс орнының қауіпті шарттарын айқындауды, ілеспе тәуекелдердің дәрежесін бағалауды, жұмыстарды орындау барысын бақылау үшін бақылау шараларын нақтылауды және осы бақылау шараларын жұмыстарды орындаудың анағұрлым тиімді тәсілдерін ұсыну үшін қолдануды талап етеді. Рұқсат нарядының мақсаты – нақты жұмыспен байланысты тәуекелдерді жеңу және бақылау әдістерін анықтау және құжаттамалау. Рұқсат нарядтағы бекітуші, жауапты және келісуші тұлғалар бірлескен бұйрықта жазылуы тиіс. Мердігер өзінің әдісін (әдістерін) Тапсырыс берушінің қарауына береді. Егер Тапсырыс беруші оның құжаттамалық ресімделген осы секілді жұмыстарды жүргізу әдістері Мердігердің әдістерінен анағұрлым қатаң болып табылады деп есептесе, Тапсырыс берушіінң өкілі Мердігерден Тапсырыс берушінің әдістерін қолдануды талап ете алады.
Қауіпті жұмыстарды жүргізу жоспарланған Тапсырыс беруші объектісінің Тапсырыс берушінің желілік басшысы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің корпоративтік талаптарына сәйкес наряд рұқсаттарының дұрыс ресімделуін, Жұмыс орнының, Мердігер Қызметкерлерінің, іс жүзінде жұмыстарды жүргізу орнында апаттық-құтқару және басқа да қорғау құралдарының дайындығын бақылайды.

4.3.4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ және денсаулық сақтау бойынша аттестация саласында Мердігердің Қызметкерлерін Тапсырыс берушінің объектілеріне жіберу келесі талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады:
4.3.4.1. Тапсырыс берушінің Объектілеріне жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін бірінші рет келген Мердігердің барлық Қызметкерлері Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің маманында немесе Тапсырыс беруші осыған арнайы уәкілеттік берген тұлғада кірісіпе нұсқаулар беруден өтуі тиіс.
4.3.4.2. Жұмыстар жүргізілетін жерде Мердігердің Қызметкерлерінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тиісті оқудан, аттестациядан және білім тексеруден өту фактісін растайтын белгілері бар білім тексеру хаттамасының көшірмесі мен куәлік (жеке карточка) болуы тиіс.
4.3.4.3. Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талап етуі бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оқуды, аттестация мен білім тексеруді жүргізу кестелерін беруі тиіс.
4.3.4.4. Заңнамалық талаптарға сәйкес, Мердігер Объектіде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өзекті құжаттаманың (кәсіптер мен жұмыстардың түрлері бойынша еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар, нұсқамалар беру бағдарламалары, аса қауіпті жұмыстардың тізбесі мен өзгелері) болуын және жүргізілуін қамтамасыз етілуі тиіс.
4.3.4.5. Тапсырыс берушінің теңіз Объектілерінде жұмыстарды орындайтын/қызметтерді көрсететін Мердігер мен Қосалқы мердігердің қызметкерлерінде қолданыстағы теңізде тірі қалу бойынша оқу курсынан өту туралы куәліктің болуы міндет. Оқу курстары дайындықтың, кем дегенде, келесі салаларын қамтуы тиіс:
1) суда құтқару, оның ішінде салқын суда құтқару, организмге суық тиюді болдырмау, жүрыс экипировка мен құтқару құралдарын пайдалану;
2) эвакуациялық жең көмегімен эвакуациялау;
3) өрт сөндіру негіздері, оның ішінде өрт сөндіргіштерді дұрыс пайдалану;
4) алғашқы көмек көрсету негіздері, оның ішінде жүрек-өкпе реанимациясы.
4.3.4.6. Мердігер:
1) Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыстарды орындайтын Мердігердің барлық Қызметкерлерінің медициналық мекемелерде алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексерудің 100% жүргізілуін және растайтын құжаттардың міндетті түрде берілуін;

2) вахталық әдіспен жұмыс істегенде – Мердердің барлық Қызметкерлерінің вахта алдындағы медициналық қарап-тексеруден 100% өтуін;
3) Мерігердің барлық Қызметкерлері мен Қосалқы мердігердің қызметкерлерінде өндірістегі жазатайым жағдайлардан және акәсіби аурулардан міндетті сақтандырудың болуын; Мерігердің Қызметкерлері мен Қосалқы мердігер қызметкерлерінің, 50 қызметкерге шаққанда, оқудан өткен, кем дегенде 1 адам санында, алғашқы көмек көрсету дағдыларын меңгеруін;
4) негізгі әлеуметтік инфрақұрылымнан алыс орналасқан Тапсырыс берушінің Объектілерінде жасақталған фельдшерлік немесе дәрігерлік медпункті мен кезекші санитариялық көліктің болуын, Мердігер және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігер Қызметкерлерінің жиынтық саны 50 және одан да көп адам болған жағдайда, медпунктінің медициналық қызметкерінің кәсіптік жарамдылығын растайтын құжаттардың болуын немесе мамандырылған медициналық ұйыммен жедел медициналық көмек көрсету шартының жасалуын;
5) жұмыстарды орындау басталғанға дейін Тапсырыс берушімен келісілген жедел медициналық ден қою жоспарының (ЖМДЖ) болуын қамтамасыз етуі тиіс. ЖМДЖ-да жұмыстарды орындау орнында медициналық көмек көрсетудің барлық шарттары мен науқасты/зардап шеккенді жұмыстарды жүргізу орнынан тиісті деңгейдегі медициналық мекемеге жедел медициналық эвакуциялау тәсілдерінің егжей-тегжейлі ескерілуін қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.5. Қоршаған ортаны қорғау саласында:
4.3.5.1. Мердігер осы Шарттың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде оның қызметінің нәтижесінде пайда болатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарының меншік иесі болып табылады.
4.3.5.2. Осы шартта көзделген жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету процесінде Мердігер Объектіні өз қызметінің процесінде пайда болатын өндіріс пен тұтынудың барлық қалдықтарынан өз күшімен және құралдарымен жүйелі түрде жинауды және кейін қалдықтарды Тапсырыс берушімен келісілген жинау орындарында уақытша қоймалауды және Мердігер өз бетімен мамандандырылған ұйымдармен жасасқан шарттар бойынша мамандандырылған полигондарға шығаруды қамтамасыз етеді.
4.3.5.3. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде 1-4-ші қауіптілік сыныптарындағы қалдықтар паспорттарының болуын қамтамасыз етуі тиіс.
4.3.5.4. Мердігер меншік құқығында Тапсырыс берушіге жататын қалдықтарды орналастыру объектілерінде қалдықтарды жинау, сақтау және орналастыру кезінде экологиялық талаптарды сақтау үшін жауап береді және оның көрсетілген объектілерде, орналастыру үшін көзделген қалдық түрлерінен басқа, өзге қалдықтарды жинауға, сақтауға және орналастыруға құқығы жоқ.
4.3.5.5. Жұмыстарды аяқтағаннан кейін, Мердігер, Тапсырыс берушінің тарапынан орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойғанға дейін, Объектіден барлық жеке жабдығы мен техникасын, артық материалдар мен т.с.с. шығарады, осы жұмыстардан пайда болған қалдықтарды шығарады және өзінен кейін Объект пен аланды экологиялық талаптарға және санитариялық нормаларға сәйкес келетін жағдайда қалдырады.
4.3.5.6. Мердігер қоршаған ортаға эмиссияларға (шығарындыларға, тасталындыларға, қалдықтарға) рұқсатты, қалдықтардың пайда болу нормативтері мен оларды орналастыруға лимиттерді бекіту туралы құжаттарды өз бетімен уәкілетті мемлекеттік органда ресімдеуге міндетті. Мердігер қоршаған ортаға тиетін теріс әсер үшін төлемдер мен ақы төлеуді өз бетімен есептейді, егер шартта өзге тәртіп ескерілмесе, Заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген есептілікті жүргізеді

4.3.5.7. Мердігер қалдықтармен жұмыс істеуге жіберілген тұлғалардың қалдықтарымен жұмыс істеу бойынша арнайы оқу мен аттестацияны қамтамасыз етуі тиіс.

**4.3.6. Алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға тыйым салу:**

4.3.6.1. Мердігер:

1) Мердігердің Қызметкерлерімен алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалану пайдалануға, оларды өткізу мен сақтауға тыйым салу және оны бұзғаны үшін жауапкершіліктің шарасыздығы бөлігінде нұсқамалар беруге;

2) Мердігердің алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйіндегі Қызметкерлерін жұмысқа жібермеуге (жұмыстан шеттетуге) және бұзушыны Тапсырыс беруші Объектісінің аумағынан шығару үшін барлық шараларды қабылдауға;

3) Мердігердің Қызметкерлері, оның ішінде Қосалқы мердігердің қызметкерлері жұмыстарды орындайтын және тұратын жерде, өндірістік қызметті жүзеге асыруға қажетті заттарды есептемегенде, құрамында алкоголь бар сусындарды, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын тұтынуын, өткізуін, әкелуін және онда болуын болдырмауға міндетті.

4.3.6.2. Көрсетілген шектеулердің бақылануын қамтамасыз ету мақсатында, Тапсырыс беруші жұмыстарды жүргізу орнына және Мердігердің Қызметкерлері тұратын жерге жеткізілетін барлық КҚ, заттар материалдарды тексеруге және тексеріп қарауға құқылы.

4.3.6.3. Егер егжей-тегжейлі қарап тексеру нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар анықталса, олар алынады. Мердігердің алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйіндегі Қызметкерлері жұмыстарды жүргізу немесе тұратын жеріне жіберілмейді және олардың Тапсырыс берушінің ОБъектілерінде одан әрі жұмыс істеуге құқығы болмайды.

4.3.6.4. Алкогольді, есірткі заттарды, психотроптық хаттар мен олардың аналогтарын пайдаланудың барлық фактілері медициналық қорытындымен және/немесе өзге де дәлелдемелермен тіркеліп, расталуы тиіс. Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде деп ойлаған адамдар анықталған жағдайда, бұл туралы акт жасалады. Актіде осы адамның медициналық куәландыру өткізуге келісімі немесе одан бас тартуы тіркелуі тиіс. Актіге күзет ұйымының және/немесе медициналық қызметкері және/немесе Тапсырыс берушінің қызметкері (қызметкерлері) немесе Мердігердің өкілі қол қояды. Актіге, кем дегенде, екі адам қол қоюы тиіс. Оған қатысты акт жасалатын тұлға актіге қол қойып, онымен танысуы тиіс. Осындай адам актімен танысқанын растайтын актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, осы адамға актінің мазмұны дауыстап ақылады, танысудан бас тарту тиісті жазбамен актіде тіркеледі. Сондай-ақ актіге қол қойған адамдар тұлғаның актімен танысудан бас тарту туралы жазбаны растау үшін өз қолдарын қояды. Актіні жасаумен қатар, қызметкердің алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде келгені туралы анықталған факт жөніндегі ақпарат шартта немесе осы Келісімде көрсетілген телефон бойынша Мердігерге хабарланады. Тұлғаның актіде тіркелген медициналық куәландырудан өтуден бас тартуы Мердігерге тиісті наразылық пен айыппұлды төлеу талабын қою үшін негіз болып табылады. Оған қатысты тиісті акт жасалған тұлғадан рұқсатнама алынады, оны Объектінің аумағынан шығару шаралары қабылданады. Одан әрі осындай тұлғалар Объектінің аумағына жіберілмейді, оларға рұқсатнама берілмейді.

Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде болуды растайтын қосымша дәлелдемелер ретінде фото және бейне материалдары, Тапсырыс берушінің қызметкерлері, күзет ұйымының қызметкерлері, медициналық қызметкерлер берген түсініктемелері, Мердігер Қызметкерлерінің жазбаша түсініктемелері қолданылуы мүмкін.

4.3.7. Өндірістік бақылау саласында:

4.3.7.1. Тапсырыс берушінің өзі қоятын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды Тапсырыс берушінің жүзеге асыруы үшін, Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің, оның ішінде күзет ұйымдарының, вахталық кенттердің, өндірістік базалардың, КҚ мен Мердігердің қызметкерлерінің Тапсырыс беруші Объектісінің шегіндегі Мердігердің (Мердігерге меншік құқығында тиесілі, сондай-ақ жалдау немесе өзге де уағдаластықпен үшінші тұлғаларға пайдалануға берілген) аумағында орналасқан Мердігердің өзге де объектілеріне (Мердігерге меншік құқығында тиесілі, сондай-ақ жалдау немесе өзге де уағдаластықпен үшінші тұлғаларға пайдалануға берілген) бөгетсіз келуін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен бірге, Мердігер өзінің Қосалқы мердігерімен шарттық міндеттемесі ретінде осы талаптарды қосуға міндеттенеді.
4.3.7.2. Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісімге 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша бұзушылықтарды жою бойынша ұсынылған мерзімдер көрсетілген тиісті актіні Мердігерге береді. Акт екі данада жасалады біреуі анықталған ескертулерді жою үшін Мердігердің өкiлiне берiледi, екіншісі – жұмыстар жүргізілетін Желілік Объектіде бақылау үшін қалады.
4.3.7.3. Егер Мердігер, қандай да бір болмасын себептерге орай, бұзушылықтарды ұсынылған мерзімдерде жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдер көрсетілген бұзушылықтарды жою жоспары әзірленеді.
4.3.7.4. Тексеру барысында анықталған ескертулер жойылғаннан кейін, Мердігердің өкілі актінің түбірін толтырады және оны жұмыстар жүргізілетін Объектінің Желілік басшысына береді. Объектінің желілік басшысы Мердігердің актіде көрсетілген ескертулерді жойғаны туралы немесе Мердігердің анықталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкессіздіктерді жою мерзімдерін дәлелді түрде ауыстыру туралы Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне дереу хабарлайды.
4.3.7.5. Егер актіде өзгелері ескерілмесе, Мердігер бұзушылықтарды жою және түзету іс-шараларын орындау туралы ақпаратты осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ай сайынғы есептіліктің құрамында береді.
4.3.7.6. Мердігер, өз пікірінше немесе Тапсырыс берушінің пікірі бойынша, Мердігер және (немесе) Қосалқы мердігер қауіпті тәсілмен орындайтын, Тапсырыс берушінің, Мердігердің немесе Қосалқы мердігердің, үшінші тұлғалардың, Объектілердің қызметкерлеріне, Тапсырыс берушінің беделіне немесе қоршаған ортаға тікелей немесе ықтимал қауіп төндіретін қауіпті тәсілмен орындайтын жұмыстарды тоқтатуға міндетті. Осындай жағдайларда, Тапсырыс беруші уақыт шығындары немесе қосымша шығындар түрінде салдар үшін жауап бермейді. Мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде, Тапсырыс беруші жұмыстарды тоқтатқаннан кейін, жұмыстарды тоқтату себептері көрсетілген және Мердігерге барлық тәуекелдердің деңгейін осы жұмыстар қалпына келтірілгенге дейін азайту шараларын қабылдау талабы бар жазбаша хабарландыруды Мердігерге жібереді.
4.3.7.7. Тапсырыс берушімен келісім бойынша, Мердігер Объектіде жұмыстарды жүргізу орнында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мамандардың қажетті санын немесе Мердігердің бұйрығымен тағайындалған өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмысты ұйымдастыру үшін жауапты тұлғаның болуын қамтамасыз етуі тиіс (Мердігер Қызметкерлерінің санына, учаскенің қол жетімділігі, журггізілетін жұмыстардың түріне қарай).

4.3.8. Өрт қауіпсіздігі саласында:
4.3.8.1. Мердігер объектілерді жұмыстар жүргізілетін объектілерде Заңнамалық талаптарға сәйкес өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын дербес қамтамасыз етеді.
4.3.8.2. Мердігер өрт пен олардан залалдың туындауын болдырмау, сондай-ақ өртке қарсы режимді сақтау мақсатында, барлық қажетті өкімдік құжаттаманы әзірлейді.

4.3.8.3. Жұмыстарды жүргізу үшін Мердігерге бөлінген аумақ, объектілер, жабдық таза ұсталуы тиіс. Жанғыш қалдықтар, қоқыс, мұнай өнімдерінің төгілуі мен т.с.с. экологиялық талаптарға сәйкес жойылуы тиіс.
4.3.8.4. Мердігер өндірістік және қойма ғимараттарының сыртында жарылу-өрт қауіптілігі бойынша өндіріс санатының өрт қауіпсіздігі үшін жауаптының аты-жөні мен өрт күзетін шақыру телефонының нөмірі көрсетілген белгісін іліп қояды.
4.3.8.5. Мердігердің (оның ішінде, тартылатын Қосалқы мердігерлердің) барлық Қызметкерлерінің өртке қарсы режимді сақтау қағидаларын, өрт нұсқауларын берудің барлық түрлерін оқуын, өрт-техникалық минимумы бағдарламасы бойынша оқуын қамтамасыз етуі тиіс.
4.3.8.6. Мердігер әрбір объект үшін және жарылу-өрт қаупі бар, өндірістік және қоймалық мақсаттағы үй-жай үшін жеке өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты әзірлейді
4.3.8.7. Мердігер эвакуациялық шығу және өрт жабдығы орналасқан орындарға тұрақты еркін өтуге болатын жолды қамтамасыз етеді.
4.3.8.8. Мердігер зауытта жасалған, дұрыс істейтін электр жабдығын ғана пайдаланады және қолданады. Электр-қыздырғыш аспаптар жылулық қорғау болған жағдайда ғана пайдаланылады.
4.3.8.9. Мердігер объектілерді белгіленген тәртіппен сертификатталған өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен, ал өрт қауіпсіздігі нормаларымен көзделген жағдайларда, су қорымен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.
4.3.8.10. Мердігер Тапсырыс берушінің өкілдерімен келісілген тексеру кестелерінің негізінде мерзімді өрт сөндіру жүйелері мен құралдарына тексеру жүргізеді.
4.3.8.11. Өрт болған немсе оның пайда болуына түрткі болатын оқиғалар басталған жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге белгіленген нысанда дереу хабарлайды.
4.3.8.12. Мердігер барлық өндіріс процестерін регламенттерге, бекітілген қағидалар мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізеді, ал жабдық конструкторлық құжаттамаға сәйкес келуі тиіс.
4.3.8.13. Мобильдік тұрғын үй-жайларды (вагон-үйлер) ұйымдастыру кезінде Мердігер оларды келесі талаптарға сәйкес орналастырады: 10 вагон-үйден аспайтын топ, топтар арасындағы қашықтық көп дегенде 15 метр, жекелеген вагон-үйлер арасындағы қашықтық кем дегенде – 3.5 м. Әрбір 10 вагон-үйге бір жасақталған өрт қалқаны болуы тиіс. Әрбір вагон-үй ОП 4 (з) түрдегі екі өрт сөндіргішпен, қорғап өшіретін құрылғысы бар автоматты ажыратқыштармен жасақталуы тиіс. Әрбір вагон-үй автоматты өрт дабыл, хабарлау және эвакуацияны басқару жүйесімен жабдықталады, оған: өртті анықтау датчиктері, сырт жағында жарықпен және дыбыс хабарлағыштармен және ғимараттың ішінде дыбыс хабарлағыштар, резервтелген қуат беру көзі бар өрт дабылнама аспабы кіреді. Көрінетін жерде өрт қауіпсіздігі шаралары жөніндегі нұсқаулықтар мен төтенше жағдайлар (ТЖ) туындағанда эвакуация схемаларын іліп қою керек. Тұрғын үй-жайлар кешені ТЖ туралы хабарлау құралдарымен және қызметкерлерді жинау орнымен жабдықталуы тиіс. Мердігер, Заңнамалық талаптарға сәйкес, жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ), оңай данғыш мен жарылғыш материалдарды сақтау орындарын жабдықтауы тиіс. Темекі шегу орындары арнайы бөлінген және жабдықталған жерде ұйымдастырылуы тиіс.

4.3.9. Мердігер, кем дегенде, келесі санитариялық-тұрмыстық жағдайды қамтамасыз етуге міндетті:
4.3.9.1. Объектідегі қызметкерлердің жиынтық санынан туындай отырып, Мердігердің Қызметкерлері үшін тұратын жердің жеткілікті саны.
4.3.9.2. Әрбір вагон-үйдің дайындаушы зауыттың паспорты болуы тиіс, бастапқы өрт сөндіру құралдарымен және өрт дабылнамасымен жабдықталуы тиіс: әрбір тұрғын бөлікте

бу хабарлағыштары, вагон-үйдің сыртқы жағына қосымша шығарылған дыбыспен және жарықпен сигнал беру жүйесімен адамдарға хабарлау жүйесі.
4.3.9.3. Санитариялық-гигиеналық нормаларға жауап беретін және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарында расталған тиісті сападағы ауызсудың жеткілікті көлемінің болуы.
4.3.9.4. Жеткілікті отыратын орындармен бірге, тамақтануға жағдай жасау.
4.3.9.5. Өнімдерді сақтаудың бөлінген және жабдықталған, оның ішінде тез бұзылатын өнімдерді сақтауға арналған тоңазытқыш техникасымен жабдықталған орындардың болуы.
4.3.9.6. Арнайы киімді сақтау мен құрғатуға жағдай жасау.
4.3.9.7. Қажет болғанда, орталықтандырылған химиялық тазарту мен арнайы киімді жөндеуді ұйымдастыру.
4.3.9.8. Мердігердің Қызметкерлері үшін санитарлық тазалықты сақтау мүмкіндігіне жағдай жасау (душ кабиналары, қол жуғыштар, моншалар, сауналар мен өзгелері)
4.3.9.9. Дәретханалардың жеткілікті санының болуы (оның ішінде қысқы мезгіл үшін жылытылған).

4.4. Мердігер Қосалқы мердігерлерді немесе үшінші тұлғалардлы тартқан жағдайда, Мердігер олармен жасалған шарттарға осы Келісімде көзделген талаптарды қосуға және олардың бақылануын жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, Мердігер Қосалқы мердігерлермен немесе үшінші тұлғалармен жасасқан шарттардың көшірмелерін беруге және, Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулері болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістердің енгізілуін қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша ЕҚ, ҚҰ және ҚОҚ саласындағы басты лауазымдарды атқаратын, осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылған Мердігер Қызметкерлерінің, Қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың біліктілігі, білімі мен жұмыс тәжірибесі бойынша соңғы ақпаратты қарауға беруіге міндеттенеді.

4.5. Тапсырыс беруші Мердігердің кез келген Қызметкерін оның біліктілігінің орындалатын лауазымдық міндеттерге сәйкес келмейтіні, кейіннен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы аттестация мен білім тексеруден өткізіп, қажетті оқудан өткенін растайтын құжаттардың болмағаны үшін, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидаларының талаптарын дөрекі, қасақана немесе бірнеше рет бұзғаны үшін өзінің Объектісінен шеттетуді, ал қажет болғанда, шығаруды Мердігерден талап етуге құқылы.

5. Мердігер өзі немесе тартқан Қосалқы мердігерлер немесе үшінші тұлғалар жұмыстарды орындау кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін жауап береді, оның ішінде, осыған байланысты келтірілген зиянды өтеу бойынша айыппұлдарды, өсімақыларлды төлейді. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылса, ол осымен келтірілген барлық залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде болған Оқиғаны ішкі тергеу нәтижесінде Мердігердің кінәсы анықталған жағдайда, ол Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге міндеттенеді.

7. Тапсырыс беруші Мердігердің кез келген Қызметкерінің, Қосалқы Мердігер қызметкерінің немесе Мердігер тартқан үшінші тұлғаның, Тапсырыс берушінің кінәсынан болмаған, сондай-ақ олар ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды бұзған жағдайда, жарақаттары, жарақат алуы немесе өлімі үшін жауап бермейді.

8. Мердігердің, Қосалқы мердігер мен Мердігер тартатын үшінші тұлғалардың осы Келісімнің талаптарын сақтамауы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзуы болып табылады және Тапсырыс берушіге айыппұл төлеуді және/немесе Шарттың бұзылуын талап ету құқығын береді. Бұзушылықтар үшін жауапкершілік, оның ішінде айыппұлдардың мөлшері осы Шарттың «Тараптардың жауапкершілігі» туралы бөлімде және Шартқа тиісті қосымшаларда ескеріледі.

9. Тапсырыс берушінің комиссиясы актіні ресімдеп, жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге дайындықты бағалағаннан кейін, Мердігер жұмыстарға жіберіледі

10. Жұмыстардың ерекше түрлерін орындау кезінде, осы Келісімде толық шамада жазылмаған, бірақ Мердігер орындауға міндетті қосымша қауіпсіздік талаптары қосымша келісімдерде бекітіледі немесе осы Шартқа қосымшалар түрінде енгізіледі. Тапсырыс беруші Шартқа қосымша ретінде осы Ережені енгізіп, «ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Мердігермен өзара іс-әрекет жасау туралы ережені» әзірлеу арқылы кез келген қауіпсіздік талаптарын егжей-тегжейлендіру және нақтылау құқығын өзіне қалдырады.

11. Өз кезегінде, Тапсырыс беруші Мердігерге:
1) Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарында (саясаттарында, стандарттарында, әдістемелік нұсқауларында, регламенттерінде, нұсқаулықтарында, ережелерінде) жазылған талаптар;
2) жұмыстарды жүргізу орындарындағы зиянды және қауіпті өндірістік факторлар туралы уақытылы және толық көлемде хабарлауға міндеттенеді.

12. Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды қауіпсіз және талаптарға сәйкес жүргізуге кедергі жасамауға және оны жоғарыда ескерілген, сондай-ақ жалпы қабылданған қауіпсіздік талаптарын бұзуға мәжбүрлемеуге міндеттенеді.

13. Келісімнің қолданылу мерзімім гегізгі Мердігерлік шартының қолданылу мерзімдерімен шектеледі.

**Тараптардың қолдары:**

| **Тапсырыс беруші:** | **Мердігер:** |
|---|---|
| ____________________ аты-жөні | ____________________ аты-жөні |
| м.о | м.о |

Шартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісімге
1-қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) өндірістік қызметтің, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі ЕҚ және ӨҚ) саласындағы қауіпті өндірістік факторларды ескерту нәтижелері қатысы бойынша қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілейді.

Компания жазатайым оқиғалар мен аварияларға байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

**Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:**

ЕҚ және ӨҚ саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

ЕҚ және ӨҚ қатысты көшбасшылықты және жоғары басшылықтың бейілділігін көрсету, әр қызметкер өзінің жеке қауіпсіздігіне және оны қоршаған адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінгенде әр қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға белсенді тарту.

Компания ішінде де, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да ЕҚ және ӨҚ саласында таңдаулы практика мен тәжірибені көтермелеу, дамыту және тарату.

Өндірістік қызметті жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде ЕҚ және ӨҚ саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың анықталуы мен жойылуын қамтамасыз ету.

5. Қызметкерлердің жарақаттары және денсаулық жай-күйінің нашарлауын болдырмау үшін денсаулыққа арналған қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

6. Компанияны басқарудың барлық деңгейлерінде ЕҚ және ӨҚ саласында қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру және оқыту жүргізу.

7. Компанияның барлық қызметкерлері, мердігерлік ұйымдары мен мүдделі тараптары арасында ЕҚ және ӨҚ мәселелері бойынша коммуникацияны қамтамасыз ету және консультация беру.

8. Өз қызметкерлерінің не айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына негізделген түрде қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмыстарды орындаудан бас тартуға заңды құқық кепілдігін қызметкерлерге ұсыну.

9. Мүдделі тараптарға жазатайым оқиғалар туралы уақтылы хабарлауын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тексеру жүргізілуін қамтамасыз ету.

10. Компанияның өндірістік объектілерінің авариялық және төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттерге дайындығын және персоналдың ден қою тиімділігін арттыру.

11. ЕҚ және ӨҚ саласындағы Компания қызметі туралы ақпараттың айқындығын, ашықтығы мен дұрыстығын, оның мазмұндылығы мен жеделдігін қамтамасыз ету.

12. Міндеттер мен жауапкершілікті бөлу, оны қолдау және тиімді жұмыс істеуі үшін өкілеттіктерді ұсыну жолымен ЕҚ және ӨҚ саласында басқару жүйесі мен көрсеткіштерді тұрақты жақсартылуын қамтамасыз ету.

Осы Саясатта берілген Компанияның міндеттемелері ЕҚ және ӨҚ саласындағы мақсаттарды анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экологиялық саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) тұрақты дамыту қағидаттарына бейілділігін білдіреді және өз қызметінің негізгі басымдықтарына қоршаған ортаны қорғауды (бұдан әрі –ҚОҚ) және қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмауды жатқызады.

Компания қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

**Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:**

1. ҚОҚ саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық және ұлттық стандарттар, ішкі құжаттардың талаптарын бұлжытпай сақтау.
2. Осындай әсердің салдарларын жою жөніндегі шаралар алдында қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау бойынша алдын алу шараларының артықшылығын қамтамасыз ету.
3. Климатты, биоалуантүрлілікті сақтау бойынша барлық болуы мүмкін шараларды қабылдау, ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығын тоқтатқаннан кейін келісімшарттық аумақта қоршаған ортаны қалпына келтіру.
4. Қоршаған ортаға тікелей және жанама эмиссияларды жалындатып жағу және қысқартудың нөлдік деңгейіне қол жеткізу бойынша шаралар қабылдау.
5. Қоғамдастықты және мүдделі тараптарды міндетті хабардар ете отырып салу кезеңінен тарату кезеңіне дейін Компанияның өндірістік объектісінің қоршаған ортаға әсерін кешенді бағалауды (ҚОӘБ) жүргізу және осы ақпаратты ашық дереккөздерде орналастыру.
6. Қосымша стратегиялық ҚОӘБ және ірі инфрақұрылымдық жобаларды не экологиялық сезгіш аумақтарда жұмыстарды іске асыру бойынша тәуекелдерді бағалауды жүргізу, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлері мен қызығушылықтарын ескеру.
7. Авариялар және мұнай құю кезінде қоршаған ортаның ластану қауіптерін мейлінше азайту мақсатында барлық жабдықтар мен құбырлардың авариясыз жұмыс істеуі мен пайдалануын қамтамасыз ету.
8. Сирек және жануарлардың бағалы түрлерінің де жоғалып кету қаупінде тұрған тіршілік ортасы ретінде ерекше құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметті жүзеге асырмау.
9. Өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде биоалуантүрлілікке әсерін ескеру және жануарлардың қоныс аудару жолдарын сақтау.
10. Келісімшарттық аумақтарда заңсыз аң аулау, балық аулауға жол бермеу және өз қызметкерлерімен, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен өсімдік және жануарлар әлемінің объектілерін пайдалану.
11. Компания қызметінің теріс әсерінен қоршаған ортаға зиянды толық көлемде өтеу.

12. Өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыру және энергия менеджменті жүйесінің негізгі сипаттамаларын мониторингілеу, өлшеу және талдау негізінде ресурстардың тиімді пайдаланылуын басқару.

13. «Жасыл офис» қағидаттарын енгізу және қадағалау.

14. Қоғамдастық, акционерлер, ҚОҚ саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган және мүдделі тараптар алдында Компания қызметінің маңызды экологиялық аспектілері туралы ашық коммуникациялар, хабардар болу және тұрақты есептілікті қамтамасыз ету.

15. Міндеттер мен жауапкершілікті бөлу, оны қолдау және тиімді жұмыс істеуі үшін өкілеттіктер ұсыну жолымен ҚОҚ саласында басқару жүйесі мен көрсеткіштердің тұрақты жақсаруын қамтамасыз ету.

Осы Саясатта білдірілген Компанияның міндеттемелері ҚҚС саласындағы мақсаттарды анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға өзінің жауапкершілігін сезінуде және алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануды болғызбайтын еңбектің қауіпсіз жағдайларын қолдауға ұмтылуда.

Компания алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

**Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:**

1. Алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануды бақылауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, денсаулықты сақтау саласындағы ішкі құжаттарды сақтауды.

2. Салауатты өмір салты және алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарынан бас тартуға қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығы мен бейілділігін көрсетуді.

3. Қызметкерлерді салауатты өмір салты мәдениетін дамытуға белсенді тарту және көтермелеу және Компанияның салауатты бағдарламалары мен бастамаларына қатысу.

4. Компания қызметкерлеріне денсаулық үшін алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдаланудың зияны және тәуекелдері туралы хабардар болуын арттыру.

5. Қызметкерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде, оның ішінде Компанияның өндірістік объектілерін тыс жерлерде болған кезде алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалану мүмкіндігінің тәуекелдерін мейлінше азайту.

6. Ауысым алды/рейс алды/ауысымнан кейінгі/рейстен кейінгі медициналық тексерулердің, оның ішінде қызметкердің алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалану белгілерінің бар немесе жоқ екендігін анықтау немесе растау мақсатында міндетті жүргізілуін қамтамасыз ету.
7. Компанияның өндірістік объектілерінде Компанияның, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен және өзге де тұлғалардың алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтарының әсерінде болу жағдайларын болдырмау.
8. Қажет болған кезде қызметкерді не Компанияның мүддесінде әрекет ететін өзге тұлғаны осыларды пайдалану күдігі болған жағдайда, сондай-ақ өндірістегі кез келген аварияларда немесе жазатайым жағдайларда алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалану фактісін анықтау үшін кезектен тыс тексеруге белгіленген тәртіппен дереу жіберу.
9. Қызметкерді немесе Компанияның мүддесінде әрекет ететін өзге тұлғаны осы Саясаттың ережелерін бұзғаны үшін еңбек шартын бұзуға дейінгі жауапкершілікке тарту.
10. Компания қызметкерлерінің денсаулық жағдайын жедел талдау (тестілеу) жүзеге асыруға мүмкіндік беретін медициналық диагностика жүйесі мен зерттеулерді автоматтандыру және цифрландыру саласында үздік әлемдік практикалар мен ғылыми әзірлемелерді енгізу.

Осы Саясатта берілген міндеттемелер денсаулықты сақтау саласындағы мақсатты анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) жерүсті көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету, жол-көлік оқиғаларын болдырмау және Компанияның мүлкіне олардың салдарлары мен зиянының ауыртпалығын азайту кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдығын белгілейді.

Компания жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

**Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:**

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарын қауіпсіз басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.
2. Көлік қауіпсіздігіне қатысты жоғары басшылықтың көшбасшылығы мен бейілділігін көрсетуді, әр қызметкер өзінің жеке қауіпсіздігіне және оны қоршаған

адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінгенде әр қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға белсенді тарту.

3. Қауіпсіз белдіктерін мүлтіксіз пайдаланылуын және Компанияның көлік құралдарының қозғалысы кезінде жылдамдық режимінің сақталуын талап ету. Компанияның жүргізушілеріне көлік басқару кезінде мобильді құралдарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

4. Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді анықтау, бағалау және жоюды жүзеге асыру және жол берілмейтін тәуекелдер үшін басқарудың қосымша шараларын қалыптастыру.

5. Көлік құралдарының жарамдылығына, әрбір желіге шығар алдында белгіленген нормаларға сәйкес толық көлемде жинақталуына техникалық тексеру жүргізу.

6. Қызметкерлерді Компания ішінде де, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да жол қозғалысы ережелерін және көлік қауіпсіздігін сақтағаны үшін ынталандыру және көтермелеу.

7. Көлік құралдарын пайдалану кезінде денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмайтын жүргізушілердің денсаулығы үшін қолайлы жағдайлар, еңбек және тынығу режимін қамтамасыз ету.

8. Қорғаныстық жүргізу бағдарламасы бойынша Компанияның жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерін оқытуды және біліктілігін арттыруды жүргізу.

9. Компанияның жүргізушілеріне жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

10. Компанияның сапарларын ұйымдастыру және басқару жүйесін дамыту шеңберінде озық тәжірибе негізінде көлік құралдарын бақылаудың және мониторингілеудің тиімді құралдарын енгізу.

Осы Саясатта берілген міндеттемелер көлік қауіпсіздігі саласындағы мақсатты анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.

Шартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісімге
2-қосымша

**Оқиға туралы бастапқы хабарлама**

Мердігерлік ұйым: ______________________________
Оқиға болған күн мен уақыт: ______________________________
Оқиға орны: ______________________________
Тапсырыс берушіден желілік басшы ______________________________
Мердігерден Жұмыстардың басшысы ______________________________
Оқиғаның түрі (жарақат/апат/ЖКО/ластану /алкоголь/басқалары) ______________________________
______________________________

Оқиғаның сипаттамасы: ______________________________
______________________________
______________________________
______________________________

Зардап шеккен (зардап шеккендер)
______________________________
(Аты-жөні толық, туған күні, лауазымы, орындалатын жұмыс)
______________________________
______________________________
______________________________

Дененің жарақатталған бөлігі: ______________________________
Алкогольдік немесе есірткілік мастану (зардап шеккеннің/қатысушылардың) ______________________________
______________________________

Залалдың сипаттамасы:
Мүлік, жабдық (зақымдалуы, мың теңге) ______________________________
______________________________

Қоршаған ортаны ластау (алаң/ластану көлемі, мың теңге) ______________________________
______________________________

Дереу қабылданған шаралар: ______________________________
______________________________
______________________________
______________________________

Ұсынылатын іс-шаралар: ______________________________
______________________________
______________________________

Хабарламаны дайындаған: ______________________________
(Аты-жөні толық, лауазымы, байланыс деректер)

Шартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісімге
3-қосымша

**20__ жыл үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі ай сайынғы есеп**

| | |
|---|---|
| 1. Мердігер кәсіпорынының атауы мен мекенжайы | |
| 2. Қызмет түрі (лицензияның немесе сертификаттың) | |
| 3. Тапсырс берушінің Объектісі | |
| 4. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі | |

5. Оқиғалар статистикасы

| Көрсеткіш | Есепті кезең | Жылдың басынан бастап |
|---|---|---|
| Мердігер қызметкерлерінің орта айлық саны | | |
| Жұмыспен өтелген адам-сағат саны | | |
| Өндіріспен байланысты жазатайым жағдайлар, оның ішінде: | | |
| өлімге әкеп соққан (адам) | | |
| топтық (адам) | | |
| еңбекке қабілеттілік уақытша жоғалтылған (адам) | | |
| Медициналық көмек көрсету жағдайларының саны (адам) | | |
| Бірінші көмек жағдайларының саны, микрожарақат (адам) | | |
| Алкогольге қарсы саясатты бұзушылар саны (барлығы/Тапсырыс беруші анықтаған) | | |
| Бірінші рет келген және Тапсырыс берушіде нұсқаулар беруден өткен Мердігер Қызметкерлерінің саны | | |
| Қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету (%-пен) | | |
| ЖКО | | |
| КҚ жалпы жүрісі, км | | |
| Өрт, бірл. | | |
| Апаттар, бірл. | | |
| Апаттық төгілу, бірл. | | |
| Төгілудің жиынтық көлемі, л | | |
| Ластанған алаң, га | | |
| Осы Оқиғалардан Тапсырыс берушіге тиген залал, мың теңге. | | |
| Жарақаттылық деңгейі (1,0 млн. адамға шаққанда/сағ) | | |
| Апаттылық деңгейі (1,0 млн. адамға шаққанда/сағ) | | |
| ДКО деңгейі (өткен 1,0 млн. км) | | |

6. Бақылау-профилактикалық жұмыс (тексеру (аудиттер))

| | | |
|---|---|---|
| Тапсырыс берушінің немесе қадағалау органдарының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тексеру (аудит) саны: | | |
| Анықталған бұзушылықтар саны/оның ішінде жойылғаны | | |
| Тапсырыс берушінің жұмыстарды жүргізу тоқтату саны | | |
| Тоқтатудың негізгі себептері: | | |

| | | |
|---|---|---|
| ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бұзғаны үшін айыппұл санкцияларының жиыны | | |
| ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі қызметкерлерінің саны (барлығы/Объектіде үнемі болатын) | | |
| Мердігер жүргізген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша тексеру (аудиттер) саны | | |
| Анықталған бұзушылықтар саны/оның ішінде жойылғаны | | |
| Мердігердің қызметкерлері берген СТОП-карталардың саны | | |
| Мердігердің жұмыстар жүргізуін тоқтату саны | | |
| Тоқтатудың негізгі себептері: | | |

7. Комментарийлер, қосымша маңызды ақпарат

| |
|---|
| |
| |

Ескерту: ақпаратта Мердігер бойынша, сондай-ақ ол Тапсырыс берушіге қызметтерді көрсету үшін тартатын Қосалқы мердігерлер бойынша көрсеткіштер көрсетіледі.

Мердігерлік ұйымның басшысы: ______________________ аты-жөні ________________

Толтыру күні: 20 ___ жылғы «___» ____________

Шартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы келісімге
4-қосымша

**Мердігерлік ұйым жұмыстарды орындау кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының бұзылғаны туралы акт**

Мердігерлің ұйымның жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзғаны туралы
20__ жылғы «____» ________ № _____ акт

Мердігерге (Қосалқы мердігерге): ______________________________
(Мердігердің/Қосалқы мердігердің атауы)

Жұмыстарды орындайтын/қызметтерді көрсететін ______________________________
жұмыстар учаскесі (бөлімше)

| **Бұзушылық (орындамау):** |
|---|
| |
| |
| **Нормативтік құжаттың талабы:** |
| |
| |

Анықталған қауіпсіздік талаптарының бұзушылықтары негізінде мыналар ұйғарылады:

| **Іс-шара** | **Мерзім** |
|---|---|
| | |

Іс-шараларды орындау туралы есепті орындау мерзімдері аяқталғаннан кейін, екі күндік мерзімде беру

Акт–ұйғарымды берген:

______________________ ____________ ____________ __________
Тапсырыс беруші өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

Акт–ұйғарымды алды:

______________________ ____________ ____________ __________
Мердігер өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

*Ескерту: актінің түпнұсқасы міндетті түрде Мердігерде қалады*

✂ - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

Акт-ұйғарымда көрсетілген іс-шараларды орындау туралы белгі

20__ жылғы "____" _______ №_____

| **бұзушылықтың р.б.** | **орындалды (күні)** | **бұзушылықтың р.б.** | **орындалды (күні)** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

______________________ ____________ ____________ __________
Мердігер өкілінің лауазымы Қолы Аты-жөні Күні

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары

**1. Жалпы мәліметтер**

Ұйым мен Шарт бойынша ақпарат: ұйымның атауы, жоба, Шарттың атауы/нөмірі, шарттың егжей-тегжейі, объектінің орналасқан жері, Шарттың иесі/Мердігерлің ұйымның өкілі (өкілдері), Шарттың басшысы/Мердігердің өкілі (өкілдері), Мердігерлік ұйымның Шарт бойынша ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ үшін жауапты өкілі көрсетіледі.

**2. Кіріспе, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мақсаттар, міндеттер мен міндеттемелер**

Мердігердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жеке саясаттарының, оның ішінде қауіпті жағдайларға араласу жөніндегі саясаттарының сипаттамасы, сондай-ақ Шартта ескерілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды қамтамасыз ету үшін, Тапсырыс беруші қойған негізгі мақсаттар мен міндеттер көрсетіледі.

**3. Орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы**

Орындалатын жұмыстар/көрсетілетін қызметтер түрлерінің қысқаша сипаттамасы және жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге тартылған Мердігердің жабдығы, техникасы, мүлкі мен Қызметкерлері туралы ақпарат көрсетіледі.

**4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесі**

Қабылданған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің сипаттамасы, оның ішінде Шарт бойынша жұмыстарды орындайтын нақты бөлімшелерге қатысты қағидалар мен процестердің, сондай-ақ Қауіпті өндірістік факторларды басқару үшін сақтау қажет болатын рәсімдердің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (осында құжаттардың тізімі немесе егжей-тегжейінің сипаттамасы болуы тиіс). Барлық басшылар мен Шарт бойынша тартылған Мердігердің орындаушылары арасында жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлудің нақты сипаттамасы беріледі. Енгізу процесі Мердігердің жұмыстарды орындауға және жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жіберу актісін алуға дайындығын бағалаудан басталуы тиіс.

**5. Қосалқы мердігерлерді басқару**

Тартылатын Қосалқы мердігерлердің тізбесі, сондай-ақ оларға қойылатын талаптар көрсетіледі. Кез келген тартылатын Қосалқы мердігерлік ұйымдар Мердігердің өзі оның алдын ала аудитін жүргізгеннен кейін және Тапсырыс берушінің жазбаша келісімі алынғаннан кейін ғана тартылуы мүмкін.

**6. Тәуекелдерді бағалау және басқару**

Шартқа қол қойылған сәттен бастап, ол аяқталғанға дейін процесті ұйымдастыру схемасы көрсетіледі, Тәуекелді/Қауіпті өндірістік факторларды бағалау әдістемесінің қысқаша сипаттамасы, жоспарланған жұмыстар/қызметтер жобасындағы барлық Тәуекелдердің сипаттамасы және анықталған Тәуекелдерді басқару бойынша қабылданған шаралар көрсетіледі.

**7. Қызметті жоспарлау**

Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде Мердігердің алдында қойылатын негізгі тиімділік көрсеткіштерін орындау жоспары көрсетіледі(мерзімдер, жауапты орындаушылар).

**8. Енгізу және бақылау**

Осы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жоспарын іске асыру мен Мердігер тарапынан оны бақылау процесінің сипаттамасы көрсетіледі. Енгізу процесі Шарттың талаптары мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптардың сақтауын тиісті түрде бақылаумен ілесуі тиіс. Мердігерлік ұйымның тарапынан тексеру (аудиттер) бағдарламасы көп деңгейлі бақылауды, оның ішінде ішкі, сондай-ақ сыртқы тексеруді (аудиттерді) қамтуы тиіс. Тапсырыс берушінің тарапынан келісілген көрсеткіштер бойынша қызметті бағалау тұрақты негізде жүргізіледі (ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын).

Мердігерлік ұйымның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы есептілігі Оқиғалардың кез келген түрлері туралы жедел хабарландыруды, сондай-ақ тұрақты есептілікті, оның ішінде Заңнамалық талаптар бойынша, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша есептілікті қамтуы тиіс.

Оқиғаларды тергеуге қатысу – негізгі міндет – уақытылы тергеу және Оқиғалардан тұжырым жасау (алынған сабақ). Оқиғалар туралы ақпарат Мердігердің әрбір Қызметкерінің назарына жеткізілуі тиіс.

**9. Мердігер Қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оқуы**

Жоспарланған жұмыстар/қызметтер көлемін орындауға тартылған Мердігерлік ұйымның аса маңызды Қызметкерлерін Тапсырыс беруші белгілеп, келісуі тиіс.

Тартылатын Мердігердің Қызметкерлері бойынша құзыреттер бағаланып, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы оқу жоспары жасалуы тиіс. Заңнамалық талаптарға сәйкес, жоспарда міндетті оқу, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бағдарламалары мен бастамашылықтары бойынша оқу болуы тиіс. Оқу жоспарлары Тапсырыс берушімен келісіледі. Сонымен бірге, оқу ресурстары, бағдарламалары мен провайдерлері Тапсырыс берушімен келісіледі.

**10. Апаттық және төтенше жағдайларға ден қою жоспары (ПЛА, ПЛАРН)**

Жұмыстардың/қызметтердің түрі мен оларды орындау/көрсету орнына қатысты, Мердігерлік ұйымда апаттық және төтенше жағдайларды басқарудың тиісті жоспары, оның ішінде жедел медициналық ден қою жоспары (ЖМДЖ) әзірленеді. ПЛА, ПЛАРН және ЖМДЖ бойынша тұрақты оқу-жаттығу дабылдары жоспарлануы тиіс.

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бұзушылық үшін айыппұл санкцияларының үлгі тізбесі[1]

| № р/б | Бұзушылық | Айыппұл санкцияларының мөлшері, АЕК[2] |
|---|---|---|
| 1. | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік актілер, Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары талаптарының бұзылуы (осы Қосымшаның жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды есептемегенде) | 100 |
| 2. | Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауы (осы Қосымшаның 3 және 4-тармақтарында көзделген бұзушылықтарды есептемегенде) | 100 |
| 3. | Өрттің туындауына, сондай-ақ Тапсырыс беруші мүлкінің жойылуына немесе зақымдалуына әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы (иелік ету мәртебесіне қарамастан) | 1 200 |
| 4. | Өрттің туындауына және адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе өліміне әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы | 2 500 |
| 5. | Тапсырыс берушінің өрт қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ұйғарымдарының белгіленген мерзімде орындалмауы | 200 |
| 6. | Мердігердің инциденттер/апаттар туралы ақпаратты жасыруы немесе Оқиға анықталған сәттен бастап, ол туралы 24 сағаттан астам уақытқа кешіктіріп хабарлауы | 200 |
| 7. | Шартта көзделген есепті (есептерді) бермеу, 1 тәуліктен астам уақытқа кешіктіріп беру | 100 |
| 8. | Мердігердің кінәсынан Тапсырыс берушінің Объектілерінде энергия тұтынушыларын ажыратуға/энергия жабдығының зақымдалуына әкеп соққан энергия шаруашылығы объектілеріндегі инциденттер, апаттар | 4 500 |
| 9. | Мердігердің кінәсынан Тапсырыс берушінің Объектілерінде энергия тұтынушыларын ажыратуға/энергия жабдығының зақымдалуына әкеп соқпаған энергия шаруашылығы объектілеріндегі инциденттер, апаттар | 3 500 |
| 10. | Мердігердің кінәсынан Тапсырыс берушінің Объектілеріндегі жерүсті және/немесе жерасты коммуникациялардың (оның ішінде құбырлардың, сыйымдылықтардың) герметикасыздануына әкеп соққан олардың механикалық зақымдалуы | 4 500 |
| 11. | Мердігердің кінәсынан Тапсырыс берушінің Объектілеріндегі жерүсті және/немесе жерасты коммуникациялардың (оның ішінде құбырлардың, сыйымдылықтардың) герметикасыздануына әкеп соқпаған олардың механикалық зақымдалуы | 3 000 |
| 12. | Тапсырыс беруші келіскен рұқсат құжаттарынсыз, Мердігер Қызметкерлерінің жұмыстарды орындауы/қызметтерді көрсетуі | 700 |

[1] ҚМГ компаниялар тобының ұйымы қызметтің ерекшелігіне және ӨҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бұзушылықтарға байланысты қалыптастырады

[2] айыппұл санкцияларын қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш

| | | |
|---|---|---|
| | (жұмыстар жүргізуге рұқсат, қоршаға ортаға эмиссияға рұқсат, рұқсат актісі, рұқсат наряды және басқалары) | |
| 13. | Тапсырыс берушінің өкілі уақытша тоқтатқан жұмыстарды/қызметтерді өз еркімен орындай бастау | 3 000 |
| 14. | Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру талаптарының бұзылуы (оның ішінде, ату және газ қаупі бар) | 700 |
| 15. | Мердігердің қажетті біліктілігі, аттестациясы (оның ішінде, өрт-техникалық минимумы) жоқ, нұсқамалар беруден өтпеген, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, технологиялық тәртіп талаптарын қамтитын нұсқаулықтармен таныспаған қызметкерлерді жұмыстарды орындауға тартуы | 400 |
| 16. | Мердігер Қызметкерінің жол қозғалысы қағидаларын, жерүсті көлік құралы қозғалысының маршрутын бұзуы, Тапсырыс беруші берген «Автомобиль көлігінің қозғалыс схемасында» көрсетілмеген жолдармен және кірме жолдарымен жүруі | 200 |
| 17. | Осы Қосымшаның 16-тармағында көрсетілген, жол шаруашылығы объектісінің (шлагбаумдар, жол белгілері және т.с.с.) немесе Тапсырыс берушінің өзге де мүлкінің (тиістілік мәртебесіне қарамастан) жойылуына, зақымдалуына әкеп соққан бұзушылықтар | 500 |
| 18. | Мердігердің Қызметкері осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды алкогольдік күйінде жасалған немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан бұзушылықтары | 3 000 |
| 19. | Осы Қосымшаның 18-тармағында көрсетілген, адамның өліміне әкеп соққан бұзушылықтар | 3 000 |
| 20. | Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге тыйым салатын нормативтік актілердің талаптарын дөрекі бұза отырып оларды орындау/көрсету (мысалы: дұрыс істемейтін салмақ индикаторымен түсіру-көтеру операцияларын жүргізу; таль блогын көтеру биіктігінің дұрыс істемейтін шектегішпен түсіру-көтеру операцияларын жүргізу; электр беру желісін (ЭБЖ) пайдаланатын ұйым келісімінің болмауы; кран қауғасының краннан ЭБЖ сымдарына дейінгі қауіпсіз қашықтықта көтеру, бұрылу және шығару тетіктерін автоматты түрде ажырату үшін жұмыс қозғалыстарының шектеуішінің болмауы немесе дұрыс істемеуі; паспорттық жүк көтерудің тіркеу нөмірі көрсетілген тақтайшаның, келесі ішінара техникалық куәландырудың (ІТК) және толық техникалық куәландырудың (ТТК; дұрыс істемейтін жүк қармауын құрылғылардың және басқаларының) болмауы | 2 000 |
| 21. | Мердігердің Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау, оның ішінде қоршаған ортаны, атмосфералық ауаны қорғау, жер, орман, су, жер қойнауын пайдалану заңнамасының талаптарын бұзуы (осы Қосымшаның жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды есептемегенде) | 500 |
| 22. | Мұнай мен мұнай өнімдерінің, тауар кепілдікті судың, қышқылдың, өзге де қауіпті және улы заттардың төгілуі | 3 000 |
| 23. | Отынды, электр және жылу энергиясын пайдалану қағидаларын, электр құрылғыларының қондырғыларының, электр құрылғыларын, | 1 200 |

| | | |
|---|---|---|
| | отын және энергия тұтынатын қондырғыларды, жылу желілерін, энергия көздерін, отын мен оны өңдеу өнімдерін сақтау, ұстау, сату және тасымалдау объектілерін пайдалану қағидаларын бұзуы | |
| 24. | Жұмыстарды/қызметтерді толық құраммен жинақталмаған вахтаның/бригаданың/ауысымның орындауы/көрсетуі | 500 |
| 25. | Мердігердің өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау, жинау, сақтау, зарарсыздандыру, тасымалдау, көму кезінде экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды, сондай-ақ қалдықтарды уақытша жинау жән сақтау орындарын ұйымдастыруға және ұстауға қойылатын талаптарды сақтамауы | 1 500 |
| 26. | Өз еркімен құнарлы жер қабатын алып тастау және/немесе ауыстыру, жерді бұзу | 1 200 |
| 27. | Су объектілерін (оның ішінде мұзды қабатты), су қорғау аймақтарын, су объектілерінің акваториясын зиянды және улы заттарды өндіру және/немесе тұтыну қалдықтарымен ластау | 1 200 |
| 28. | Су объектілерінен су алу кезінде белгіленген талаптарды сақтамау немесе ластанған суды (ағынды суды) су объектілеріне/су жиналатын алаңдарға төгу, ағынды су жинау мен тазартуға қойылған талаптарды, су объектісін пайдалану шартының талаптарын сақтамау | 1 000 |
| 29. | Жұмыс алаңы мен іргелес жатқан аумақты ұстау және жинау міндеттерін орындамау | 1 000 |
| 30. | Тапсырыс берушінің Объектілерінде қаңғыбас жануарлардың болуы, сондай-ақ Мердігердің Қызметкерлерін иттердің немесе басқа да жануарлардың анықталуы | 1 000 |
| 31. | Мердігердің Мердігер Қызметкерлерінің жұмыс орындарын:<br>1) бастапқы өрт сөндіру құралдарымен;<br>2) ұжымдық қорғау құралдарымен;<br>3) алғашқы медициналық көмек көрсету дәрілерінің қобдишасымен;<br>4) жерге қосатын құрылғылармен;<br>5) жарылу қаупі бар электр жарықтандыру;<br>6) ескерту белгілермен және плакаттармен қамтамасыз етпеуі | 1 000 |
| 32. | Дұрыс істемейтін және/немесе сынақтан өтпеген құралмен жұмыстарды орындау және/немесе вахтаны/бригаданы/ауысымды қажетті құралмен және жабдықпен толық жинақтамау | 1 000 |
| 33. | Орман көшеттерін бұзу, ормандарды, орман көшеттерін заңсыз шабу | 1 200 |
| 34. | Шартта көзделген Тапсырыс берушімен алдын ала жазбаша келісімсіз Қосалқы мердігерді тарту | 1 200 |
| 35. | Сақтау міндеті осы Шартта (осы Қосымшасының жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды есептемегенде) көзделген Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі реттеуші құжаттарының талаптарын бұзуы | 500 |
| 36. | Тапсырыс берушінің Объектілерінде Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен ресімделмеген немесе жарамсыз рұқсатнамамен Мердігердің Қызметкерлерін және/немесе жерүсті көлік құралдарын жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жіберу/рұқсат ету, жеке рұқсатнаманы басқа тұлғаларға беру, жеке рұқсатнамамен өзге тұлғаларды Тапсырыс берушінің Объектілеріне жіберу | 500 |
| 37. | Тапсырыс беруші Объектілерінің аумағына: | 1 200 |

| | | |
|---|---|---|
| | 1) тасымалдау және сақтау кезінде белгіленген қауіпсіздік қағидалары мен нормалары сақталғанда, Тапсырыс берушінің өкілдері санкциялаған жағдайларды есептемегенде, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды, радиоактивті, тез тұтанғыш, уландыратын, улы, күшті әсер ететін химиялық белсенді заттарды;<br>2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген және аң аулау мақсатындағы (аңшылық билеті, қаруға арналған құжат пен аң аулау құқығына рұқсат берілгенде) жағдайларды есептемегенде, атыс, газ, пневматикалық, суық қару мен ату жарақтарын;<br>3) балық пен жабайы құс аулаудың тыйым салынған қаруларын;<br>4) азаматтық айналымда тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді өткізу, әкелу (оның ішінде, көрсетілген іс-әрекеттерді жасау әрекеті), онда сақтау, тарату, тасымалдау | |
| 38. | <u>Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен олардың аналогтарына байланысты оқиға</u> | |
| 38.1 | Мердігер Қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің Объектілерінде алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде болуы (оның ішінде ауысым арасындағы демалыс кезеңдерінде) | 2 000 |
| 38.2 | Алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де мастық күйді тудыратын заттарды өткізу/әкелі (оның ішінде көрсетілген іс-әрекеттерді жасау әрекеті), сақтау | 2 000 |
| 38.3 | Бір күнтізбелік жыл ішінде 38.1 және 38.2-тармақтарда көрсетілген, Мердігерде кем дегенде 2 рет анықталған оқиғалар (жағдайлар) | 2 500 |
| 39. | Орналасқан жерде/тұрғылықты жерде тіркелмеген және (немесе) ҚР аумағындағы еңбек қызметіне рұқсаты жоқ, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат болмағанда, шетелдік азаматтарды жұмыстар орындауға/қызметтер көрсетуге тарту | 200 |
| 40. | Тапсырыс берушінің бөлінген жер шегіндегі жер учаскелерін өз бетімен басып алу | 1 000 |
| 41. | Тапсырыс берушінің бөлінген жер шегінде кеңінен тараған пайдалы қазбаларды (оның ішінде, құм, қиыршық тас, саз, жертезек, сапропель) өз бетімен өндіру | 1 200 |
| 42. | Тапсырыс берушінің энергиямен қамту желілеріне өз бетімен қосу | 200 |
| 43. | Тапсырыс берушінің «Өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру қағидаларының» талаптарын бұзу (осы Қосымшаның жекелеген тармақтарында көзделген бұзушылықтарды есептемегенде) | 500 |
| 44. | Мердігер қызметкерлерінің тауарлардың ілеспе құжаттарынсыз және/немесе жалған тауарлардың ілеспе құжаттары бойынша және/немесе лайықты түрде ресімделмеген тауарлардың ілеспе құжаттары бойынша тауар-материалдық құндылықтарды (ТМҚ), жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ) Объектіге немесе Объектіден өткізуі (әкелу, өткізу әрекеті) | 500 |
| 45. | Құпия ақпаратты заңдық негіздерсіз үшінші тұлғаларға жария ету | 1 000 |
| 46. | Мердігердің/Орындаушының Шарт талаптарын бұзуы Мердігер/Орындаушы, Тапсырыс беруші қызметкерінің (қызметкерлерінің) немесе үшінші тұлғаның өліміне әкеп соққан жағдайда | 3 000 |

Ескерту:

1. Егер осы Қосымшада өзгелері көзделмесе, әрбір бұзушылық фактісі үшін айыппұл өндіріледі.

2. Егер Мердігердің екі және одан да қызметкерінің бұзушылығы анықталса, айыппұл факт бойынша өндіріледі (бір факт бір қызметкердің бұзушылығына сәйкес келеді).

3. Айыппұл Тапсырыс берушіге залалдардың келтірілуіне байланысты төленетін төлемдерден тыс өндіріледі.

4. Осы Қосымшаның мәтіні бойынша «Мердігер» мен «Орындаушы», «жұмыстар» мен «қызметтер» деген терминдер бірдей.

5. Осы Қосымшаның мәтіні бойынша «Тапсырыс беруші» деген термин «Тапсырыс беруші» деген терминмен бірдей.

6. Осы Қосымшаның мәтіні бойынша «Мердігердің қызметкері» деген ұғым Мердігер, Мердігердің контрагенті еңбек шартын, азаматтық-құқықтық шартын жасасқан тұлғаларды, Тапсырыс берушінің Объектілерінде Мердігер/Мердігердің контрагенті үшін орындайтын өзге де тұлғаларды қоса алғанда, тұлғалардың тізбесін қамтиды.

7. Мердігер Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыстарды орындайтын/қызметтерді көрсететін Қосалқы мердігерлердің, өзге де үшінші тұлғалардың бұзушылықтары үшін, өзінің бұзушылықтары үшін секілді жауап береді.

8. Алты ай ішінде осы Қосымшада көрсетілген бір бұзушылық бірнеше рет жасалған жағдайда, салынатын айыппұлдың мөлшері 1,5 есе ұлғаяды.

9. Ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары, төгінділері және (немесе) жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде эмиссияларға рұқсат болмаған жағдайда Мердігер салық төлемдерін, айыппұлды төлеуді, ластануды жоюды, қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуді (оның ішінде төленген салық төлемдерінің сомасын, айыппұлды және қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу сомасын Тапсырыс берушіге регресс тәртібімен өтеуді) жүргізеді.

10. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде қоршаған ортаны авариялық ластаған жағдайда салық төлемдерін, айыппұлды төлеу, ластануды жою, қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу (оның ішінде салық төлемдерінің төленген сомасын, айыппұлды және Тапсырыс берушіге қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу сомасын регресс тәртібімен өтеу).

11. Мердігердің/Орындаушының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды бұзуына байланысты ол Тапсырыс берушіге қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі шығындарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған мөлшерде, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның талабы бойынша Тапсырыс беруші төлеген әкімшілік айыппұлдар мөлшерінде өтейді.

Бұдан басқа, Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге жұмыстарды/қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау кезінде Мердігердің/Орындаушының кінәлі іс-әрекеттері салдарынан еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы анықталған бұзушылықтар үшін уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған әкімшілік айыппұлдарды төлеу жөніндегі шығындарды өтейді.

12. Бұзушылық фактісі, өндірістік бақылау жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің Қызметкері немесе Тапсырыс беруші бақылауды жүзеге асыру үшін тартқан үшінші тұлғалар (супервайзерлер, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар) және/немесе күзет қызметтерін көрсетуге тартылған кәсіпорынның қызметкерлері, сондай-ақ Мердігердің Қызметкері және/немесе Мердігердің өкілі қол қойған актімен анықталады. Актіге қол қоятын тұлғалардың жалпы саны кем дегенде екі адам болуы тиіс.

Мердігердің Қызметкері актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, осындай факт қол қоюдан бас тарту және анықталған бұзушылықтар туралы актіде тіркеледі және куәгердің (куәгерлердің) қолымен расталады. Мердігер Қызметкерінің актіге қол қоюдан бас тартуы

айыппұлды өндіріп алуға кедергі болмайды. Осы тармаққа сәйкес ресімделген акт наразылық беру мен айыппұл өндіру үшін жеткілікті негіз болып табылады.

13. Бұдан басқа, бұзушылық фактісі келесі құжаттардың біреуімен расталуы тиіс:

1) өндірістік бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс беру Қызметкерінің ұйғарым-актісімен;

2) Мердігер өкілдерінің қатысуымен Тапсырыс берушінің инциденттің себептерін тергеу жөніндегі комиссиясы жасаған инциденттің себептерін тергеу актісімен;

3) бақылау және қадағалау органдарының тиісті актісімен немесе ұйғарымымен.

14. Өзара ақшалай талаптары болған жағдайда, Тапсырыс берушінің ҚР АК 370-бабына сәйкес, Мердігерге төленуі тиіс жұмыстардың құнына қарсы лайықты түрде жарияланған талаптарды сомаларды есепке алуға толық құқығы бар. Бұл ретте, осы Қосымшаға Ескертудің 12 және 13-тармақтарында көзделген тәртіппен ресімделген бұзушылық туралы акт пен Тапсырыс берушінің жазбаша талабы есепке алу үшін негіз болып табылады.

15. Шарттың қолданылу талаптары мен осы Қосымшаның талаптары арасында айыппұл санкцияларының мөлшері бөлігінде қарама-қайшылықтар болған жағдайда, Қосымшаның талаптары қолданылады.

| **Тапсырыс беруші:** | **Мердігер:** |
|---|---|
| ____________________ аты-жөні | ____________________ аты-жөні |
| м.о. | м.о. |

**Мердігерлік ұйымды Объектінің аумағында жұмыстарды жүргізуге/қызметтерді көрсетуге жіберу актісінің нысаны**

_______________ 20___ жылғы «____» ____________
(жасалған орны)

_______________________________________________________________________________
(Объект пен Тапсырыс берушінің (ҚМГ компаниялары тобының ұйымы) атауы)

Біз, төменде қол қойғандар, жұмыс істеп тұрған Объектіні пайдаланатын Тапсырыс берушінің (ҚМГ компаниялар тобы ұйымының) өкілі

_______________________________________________________________________________
(аты-жөні, лауазымы)

мен жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін жауапты Мердігердің өкілі

_______________________________________________________________________________
(аты-жөні, лауазымы)

осы төмендегілер туралы актіні жасады.

Тапсырыс беруші (ҚМГ компаниялары тобының ұйымы) ________________________________________ координаттармен шектелген
(осьтердің, белгілердің атауы мен сызбаның нөмірі)

_______________________________________________________________________________
(Объектінің, учаскенің, аумақтың атауы)

Объектіде:
басталуы 20__ жылғы «___» ________________ аяқталуы 20__ жылғы «___» ____________ мерзімінде жұмыстарды орындайтын/қызметтерді көрсететін Мердігердің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің басшылығымен ___________________ жұмыстарын орындау/қызметтерін көрсету үшін оны береді.

Жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету басталғанға дейін, жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету қауіпсіздігін қамтамасыз ететін келесі іс-шараларды орындау қажет:

| № | Іс-шараның атауы | Орындау мерзімі | Орындаушының аты-жөні, лауазымы | Жауапты орындаушының аты-жөні, лауазымы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Мердігердің Қызметкерлерімен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамалар беру | | | |
| 2. | Мердігердің Қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларымен таныстыру | | | |
| 3. | Бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету | | | |
| 4. | Жеке қорғау құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету | | | |
| 5. | Мердігердің Қызметкерлерімен | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша бастапқы нұсқаулар беру | | | |
| 6. | Мердігер Қызметкерлерінде осы кәсіп бойынша оқуды және жұмысқа жіберуді растайтын біліктілік куәліктерінің; заңнамалық талаптарға сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі бойынша білімін тексеру жөніндегі куәліктердің болуын тексеру | | | |
| 7. | Қоқыс пен қалдықтарды жинауға арналған орынды белгілеу | | | |
| 8. | Пайдаланылатын материалдарды (құрылыс, химиялық реагенттер, қосалқы бөлшектер мен басқалары) сақтау үшін қауіпсіз орын бөлу | | | |
| 9. | Мердігердің Қызметкерлеріне тұрмыстық үй-жай бөлу | | | |
| 10. | Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету аймағына бөтен адамдарды жібермеу | | | |
| 11. | Әлеуетті әсер ететін Қауіпті және Зиянды өндірістік факторлар аймағын сигналдық лентамен қоршау. Қажет болған жағдайда қатты қоршаумен (металл, полимерлік және т. б.) қоршау. | | | |
| 12. | Орындалатын жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге тән ескерту тақтайшалары мен белгілерін орнату | | | |
| 13. | Объектінің аумағында жұмыс жүргізуді/қызмет көрсетуді дайындау және қауіпсіз жүргізу үшін жауапты тұлғаларды тағайындау | | | |
| 14. | Объектінің аумағында жұмыс орындаудың/қызмет көрсетудің қауіпсіз жүргізілуін және Мердігер Қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтауын үнемі бақылау | | | |
| 15. | Объектінің күзет аймағында жұмыстар жүргізуге/қызметтер көрсетуге жазбаша рұқсат алу (егер қолданылса). | | | |

Объектіні пайдаланатын Тапсырыс берушінің өкілі

______________________________

(қолы)

Мердігердің өкілі

______________________________

(қолы)

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымның қызметін бағалау парағының нысаны

1. Ұйымның атауы мен мекенжайы ______________________________
2. Қызмет түрі ______________________________
3. Объект ______________________________
4. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі (басталу, аяқталу күні, ай) ______________________________

5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ көрсеткіштерін бағалау

| № | Бағалау көрсеткіші | Балл есептеу қағидалары | Балл | Салмақ | Қорытынды балл | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I | **МЖ тиімділігі** | | | | | |
| 1 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесінің болуы * | Ең жоғары балл – 4<br>ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ МЖ болмауы - 0 | 0-4 | 10 | 40 | |
| 2 | Оқиғалар туралы хабарлау тәртібін сақтау | Бұзушылықсыз – 4<br>Елеусіз бұзушылықпен – 3<br>Ұсақ бұзушылықпен – 2<br>Ірі бұзушылықпен – 1<br>Тұрақты бұзушылықпен - 0 | 0-4 | 10 | 40 | |
| 3 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша анықталған бұзушылықтарды жою | 90 – 100 % - 4<br>70 – 89% - 3<br>60 – 69% - 2<br>50 -59% - 1<br>Көп дегенде 50% - 0 | 0-4 | 10 | 40 | |
| 4 | Нормалар мен қағидаларға сәйкес Мердігердің ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуі және оларды пайдалануы | Толық көлемде – 4<br>Елеусіз бұзушылықпен – 3<br>Ұсақ бұзушылықпен – 2<br>Ірі бұзушылықпен – 1<br>Қамтамасыз етілмеді немесе пайдаланбайды - 0 | 0-4 | 10 | 40 | |
| | **ЖИЫНЫ** | | | | **160** | |
| II | **Оқиғалар статистикасы** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жарақаттылық деңгейі ** (1,0 млн. адамға/сағ.) | 0 – 4<br>0-0,25 – 3<br>0,26 – 0,50 – 2<br>0,51 – 0,75 – 1<br>> 0,75 - 0 | 0-4 | 20 | 80 | |
| 2 | Апаттылық деңгейі *** (1,0 млн. адамға/сағ.) | 0 – 4<br>0-0,25 – 3<br>0,26 – 0,50 – 2<br>0,51 – 0,75 – 1<br>> 0,75 - 0 | 0-4 | 20 | 80 | |
| 3 | ЖКО деңгейі *** (1,0 млн. қума км) | 0 – 4<br>0-0,25 – 3<br>0,26 – 0,50 – 2<br>0,51 – 0,75 – 1<br>> 0,75 - 0 | 0-4 | 20 | 80 | |
| | **ЖИЫНЫ** | | | | **240** | |
| **Жалпы бағалау** (сұрақ «қолданылмайды» деп бағаланса, онда ол есептеу кезінде ескерілмейді) | | | | **100** | **400-100%** | |

| **III** | **Тексеру (аудиттер) бойынша анықтамалық ақпарат** | | |
|---|---|---|---|
| **№** | **Көрсеткіш** | **Саны/сомасы** | **Комментарий** |
| 1 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша орындалған тексеру/аудит ПО саны | | |
| 2 | Анықталған бұзушылықтар саны | | |
| 3 | Жойылған бұзушылықтар саны | | |
| 4 | Анықталған бұзушылықтарға байланысты жұмыстарды уақытша тоқтату саны | | |
| 5 | Тапсырыс беруші ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бұзу үшін талап еткен айыппұлдардың жалпы саны | | |
| 6 | Талап етілген айыппұлдардың жалпы сомасы, мың теңге | | |

6. Қорытынды

| **IV** | **Қорытынды бағалау:** | **Бағалау шәкілі** | **Факт** | **Комментарийлер** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Толығымен сәйкес келеді | 100 | | |
| 2 | Негізінде сәйкес келеді | 99–75 | | |
| 3 | Ішінара сәйкес келеді | 74–50 | | |
| 4 | Сәйкес келмейді | 49–0 | | |

* **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ менеджменті жүйесінің элементтері**: 1. Көшбасшылық, міндеттемелер мен жауапкершілік. 2. Саясат, мақсаттар мен бағдарламалар. 3. Ұйымдастыру, ресурстар мен мүмкіндіктер. 4. Мердігерлер мен мүдделі тараптар. 5. Тәуекелдер мен өзгерістер басқару. 6. Дизайн мен активтердің тұтастылығы. 7. Орындау және қауіпсіз пайдалану. 8. Есептілік және оқиғаларды тергеу. 9. Мониторинг, өлшеу және талдау. 10. Тиімділікті растау және жақсарту шаралары.

** Жарақаттану деңгейі – еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғалардың коэффициенті (өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны + еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны, 1 млн. адам-сағатқа көбейтілген және соңғы 12 айда жұмыс істеген адам-сағаттардың жалпы санына бөлінген).

*** Апаттылық деңгейі – апаттылық коэффициенті (тіркелген авариялардың, инциденттердің, өрттердің, ЭБЖ үзілістерінің саны, 1 млн. адам-сағатқа көбейтілген және соңғы 12 айда жұмыс істеген адам-сағаттардың жалпы санына бөлінген).

**** ЖКО деңгейі – жол-көлік оқиғаларының коэффициенті (жол-көлік оқиғаларының барлық түрлерінің саны (апатты + ірі + жеңіл), 1 млн. км көбейтілген және соңғы 12 айда өткен километражға бөлінген).

**Толтыру күні:**

**Шарт тәлімгері**

_________________________________ **аты-жөні**

(қолы)

**Келісім:**

| **Лауазымы** | **Визасы, күні** | **Аты-жөні** |
|---|---|---|
| Құқықтық қамтамасыз ету басқарушы директоры | 13.12.18 | Сәулебай М.О. |
| Стратегия жөніндегі басқарушы директор | | Қарымсаков Э.Б. |
| Еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор | | Спинелли В.А. |

*Орынд. Б.Қ. Әжіғалиев*
*тел. 78 93 79*